Тәуелсіз маркерлер/бүгу (жабдықталған болса)	II	Кеңейту	Қысқарту	5-те бастаңыз және қажетінше баптаңыз	Толық кеңейту және қысқарту үшін 10 секунд немесе одан да аз уақыт керек
Вакуум жүйесі (Бөлек ТБК-ға жалғанған және Ағынды басқару клапандарымен басқарылады)	III және IV	Қысқарту	Кеңейту	10 максималды	Тұрақты "С"
Вакуум жүйесі (Қосымша қуатқа жалғанған және бір қатардағы клапанмен басқарылады)		Қосымша қуат қысымы	Қосымша қуаттың қайтарылуы		
Жүктемені сезу қызметі бар Қосымша қуаттағы Құбылмалы мөлшер жетегі		Қосымша қуат қысымы	Қосымша қуаттың қайтарылуы		

^aКорпустың ағызу шлангысы қандай да бір шланг қосылғанға дейін бекітілуі ТИІС.

Шланг қосылымдары - Бүгу көмекшісімен жабдықталған машиналар ^a				Функция параметрлері John Deere тракторлары үшін	
Шланг анықтауы	ТБК	Қысым	Қайтару	Ағын	Бекітілген (Уақыт)
Жақтау функциялары және ОӨЖ жүйесі (жабдықталған болса)	I	Кеңейту	Қысқарту	10 максималды	Тұрақты "С" ОӨЖ деңгейі ОӨЖ клапанымен басқарылады
Тәуелсіз маркерлер/бүгу (жабдықталған болса)	II	Кеңейту	Қысқарту	5-те бастаңыз және қажетінше баптаңыз	Толық кеңейту және қысқарту үшін 10 секунд немесе одан да аз уақыт керек
Тіл	III	Кеңейту	Қысқарту	5-те бастаңыз және қажетінше баптаңыз	0
Вакуум жүйесі (Бөлек ТБК-ға жалғанған және Ағынды басқару клапандарымен басқарылады)	IV және V	Қысқарту	Кеңейту	10 максималды	Тұрақты "С"
Вакуум жүйесі (Қосымша қуатқа жалғанған және бір қатардағы клапанмен басқарылады)		Қосымша қуат қысымы	Қосымша қуаттың қайтарылуы		
Жүктемені сезу қызметі бар Қосымша қуаттағы Құбылмалы мөлшер жетегі		Қосымша қуат қысымы	Қосымша қуаттың қайтарылуы		

^aКорпустың ағызу шлангысы қандай да бір шланг қосылғанға дейін бекітілуі ТИІС.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Гидравликалық шлангтар физикалық зақымға, бұралу, тозу және ашық қалуға байланысты істен шығуы мүмкін. Шлангтарды жиі тексеріп тұрыңыз. Зақымдалған шлангтарды ауыстырыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Арнайы ұшы бар вакуум және құбылмалы мөлшер жетегінің ҚАЙТАРУ шлангтары трактордың КЕҢЕЙТУ портына

жалғануы ТИІС. Қысым тісінің зақымдалуын болдырмаңыз; ТБК иінтірегін “Қалқу” күйіне орнату арқылы вакуум моторын және құбылмалы мөлшер жетегін өшіріңіз.

ОӨЖ басқару клапаны ОӨЖ бағының қысымын басқару үшін пайдаланылады.

SeedStar™ жүйесі құбылмалы мөлшер жетегін басқару үшін пайдаланылады.

OUO6064,00000D3 -KK-21JAN11-2/2

Теңгеру ілгегі түтігі


Жұмыс уақытында ілгек түтігінің (А) және себу құрылғысының жақтауларының (В) жерге параллельді болғандығын тексеріп отырыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Егер тракторда 4 санатты тарту құралы болса, ол сепкіштегі 4 санатты тарту сақинасымен пайдаланылуы тиіс. Егер тракторда 5 санатты тарту құралы болса, ол сепкіштегі 5 санатты тарту сақинасымен пайдаланылуы тиіс. (ТИІСТІ ТАРТУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ТАРТУ САҚИНАСЫН ОРНАТУ МАҚАЛАСЫН ОҚЫҢЫЗ.)


ЕСКЕРТУ: Баптаулар алқап жағдайында орындалған кезде дәлірек болады.

ЕСКЕРТУ: Машинаның орталық жақтауы қанаттардан жоғарырақ немесе төменірек болса гидравликалық көтеру жүйесінің фазасын ауыстырыңыз. Фазаны ауыстыру үшін машинаны көтеріңіз және ТБК иінтірегін бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. Қайта фазалаудан кейін машинадағы орталық жақтау қанаттардан көмен болса Қызмет көрсету бөліміндегі НЕГІЗГІ ЖАҚТАУДЫҢ БИІКТІГІН БАПТАУ мақаласын оқыңыз.

1. Бапталатын төменгі күш жүйесін нөлдік қысымға орнатыңыз.
2. Машинаны жерге түсіріңіз.



A68031 —UN—02JUL10



A50703 —UN—16OCT02

А—Ілгек түтігі


В—Себу құрылғысының жақтауы

Келесі бетте жалғасады

OUO6064,0000479 -KK-27APR11-1/4

3. Тарту құралының ілгек цилиндрін (А) толығымен қысқартыңыз.
4. Машинаны көтеріңіз және төмендетіңіз.
5. Ілгек түтігінің жерге параллельді болғандығын тексеріңіз. Ілгек параллель болмаса, қалған қадамдарды орындаңыз.

А—Тарту құралының ілгек цилиндрі



A68033 —UN—02JUL10

OUC6064,0000479 -KK-27APR11-2/4

6. Сепкішті тұрақ күйіне орнатып, Сепкішті ажырату бөлімін қараңыз. Тарту сақинасын трактордан ажыратыңыз.

ЕСКЕРТУ: Жеңіл-желпі баптаулар үшін тарту сақинасын аударыңыз. Ірі баптаулар үшін тарту сақинасын жаңа тесікке жылжытыңыз.

7. Ілгек тракторға қайта жалғанған кезде жерге параллельді болатындай етіп тарту сақинасын (А) қайта орналастырыңыз.


МАҢЫЗДЫ: Айналдыру моментінің дәл мәндеріне қол жеткізу үшін бұрандалар жүктің ілгекке орналасуынан бұрын бекемделуі қажет.

8. Тарту сақинасының бұрандаларын (В) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Бұрандалар—Сипаттама

Тарту сақинасы—Айналдыру моменті..... 1150 Н·м (850 фунт-фут)

9. Тракторды тарту құралына тіркеңіз, сепкішті жайыңыз және себу күйіне орнатыңыз, тарту құралының цилиндрлерін толығымен қысқартыңыз.



А—Тарту сақинасы

В—Бұрандалар, тарту сақинасы

A71353 —UN—27APR11

10. Ілгек түтігінің қалған ұзындығы жерге параллельді болғандығына көз жеткізіңіз. Егер ілгек параллельді болмаса қайта орналастырыңыз және ілгек түтігі параллельді болғанша тарту сақинасын бекітіңіз.

Келесі бетте жалғасады


OUC6064,0000479 -KK-27APR11-3/4

11. Жұмыс уақытында ілгек түтігінің (А) және себу құрылғысының жақтауларының (В) жерге параллельді болғандығын тексеріп отырыңыз.

Машинаның ортаңғы жақтауы жұмыс барысында қанаттардан жоғарырақ немесе төменірек болса, гидравликалық көтеру жүйесінің фазасын ауыстырыңыз.

А—Параллельді тұтқалар

В—Себу құрылғысының жақтаулары




A68213—UN—16JUL10

OUO6064,0000479 -KK-27APR11-4/4

Машинаны ажырату

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Ілгек істігі алынған кезде мойын жоғары қарай көтерілуі мүмкін. **ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН АЛУДЫ БОЛДЫРМАУ** ҮШІН істікті алудың алдында әрқашан машинаны бүгіңіз және ілгектегі жүктемені шығарыңыз.

1. Машинаны бүгіңіз. "Машинаны басқару" бөлімінде "СЕПКИШТЕРДІ ЖАЮ ЖӘНЕ БҮГУ" мақаласын қараңыз.
2. U кронштейнін (B) қанаттың ысырма тақталары арасында көрсетілгендей орнатыңыз және істіктермен (A) бекітіңіз.
3. Цилиндрдің қызметтік құлыптарын негізгі жақтаудың доңғалақтарына орнатыңыз.
4. Машинаны қызметтік құлыптарға төмендетіңіз.
5. Қанат доңғалақтарын олар жерге тимегенше және мойын тарту құралынан жоғары көтерілмегенше төмендетіңіз.
6. Қауіпсіздік шынжырын және ілгек істігін алыңыз.
7. Барлық шлангтар мен сымдарды алыңыз.



A—Істіктер

B—U кронштейні

A67353 —UN—28JUN10

OUC6064,00001CD -KK-29JUN10-1/1

ОӨЖ дән жеткізу жұмысы


Дән дәрілетулері, алқап жағдайлары, ылғалдылық және дән өлшемінің дәнді барлық қатарларға жеткізу үшін қажет желдеткіш қысымдарын өзгертуі. Дәнді майлау үшін БАРЛЫҚ дақылдарды талькпен және графитпен майлау қажет. Бітелуді болдырмау үшін химиялық заттармен өңделген дәндер екі немесе үш есе артық майлау мөлшерін қажет етуі мүмкін. Дақылдарды ауыстырған кезде алқап жағдайларына баптаудан бұрын осы бөлімдегі ОӨЖ ДӨН ЖЕТКІЗУ БАҒЫНЫҢ ҚЫСЫМЫН БАПТАУ мақаласында табылатын бастапқы параметрді пайдаланыңыз.

Жалпы, бұл жүйе дәнді барлық қатар бөлімдеріне жеткізу үшін мүмкін болатын ең төмен қысым параметрін қолданған кезде ең жақсы жұмыс істейді.

Балжүгері сияқты дәннің кейбір жеңіл салмақты түрлерін түтікшелер оңай көтереді. Түтікше ендірмелері түтікшелердің үстінде ақырын ашылуды болдырмау үшін, көтерілген дән мөлшерін шектеу үшін орнатылған. Түтікше ендірмелері жеңіл дәндердің оптималды жылдамдықта және орынды қысымда ағуына мүмкіндік береді және барлық қатарларға дәнді сенімді жеткізеді.

МАҢЫЗДЫ: Гидравликалық мотор мен бак қақпағының зақымдалуын болдырмаңыз. Бак қысымын 24 дюймнан АСЫРМАҢЫЗ.

Аз уақыт болатын (5—20 секунд) тығыздықтың кездейсоқ төмендеулері дән ағынын дұрыс орындамай тұрғандығын көрсетуі мүмкін.



A—Жеткізу шлангысы

Жүйені баптаудың алдында өлшеуіштер мен вакуум жүйесінің дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.

2 дюйм артуларында тығыздықтың кездейсоқ төмендеулері тоқтағанша қысымды арттырыңыз.

Егер монитор “Қатар бұзылды” ескертуін көрсетсе, алдымен бұзылудың кептелу не бітелу нәтижесінде орын алғандығын анықтаңыз.

Түтікшенің кептелуін және дән жеткізу шлангысының бітелуін түзету:

Қызмет көрсету бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.

OUO6074.0000C4C -KK-31MAY11-1/1

A53379—UN—20NOV03

Бактың толу шамдарын басқару—Қосымша

МАҢЫЗДЫ: Толу шамдарының жұмыс істеуі үшін үшін трактордың алқап шамдары қосулы болуы қажет.

МАҢЫЗДЫ: Алқап немесе толу шамдары қосулы кезде ешқашан тасымалдамаңыз.

Алқап шамдары қосулы тракторда толу шамдары (А) толу шамдары қосқышында (В) басқарылады.

А—Толу шамдары

В—Толу шамы қосқышы



A53001—UN—03OCT03

OUO6074,0000B21 -KK-25MAR09-1/1


Бак қақпақтарын басқару

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: ОӨЖ желдеткіші қосулы кезде қақпақтарды ашпаңыз. Қақпақтар және зиянды химиялық заттар бетке ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітеледі.


Ашу үшін қақпақты сағат тіліне қарсы бұрыңыз. Қақпақты жабу үшін тұтқаны (А) жолақпен (В) тізіңіз және сағат тілі бағытымен бұрыңыз.

А—Тұтқа

В—Жолақ



A53374—UN—20NOV03



A53375—UN—20NOV03

OUO6074,0000B22 -KK-26MAR04-1/1

Бак деңгейінің датчигі


МАҢЫЗДЫ: ОӨЖ бактарын толтырудың алдында бак деңгейі датчиктерін тазалаңыз. Дән деңгейі датчигін тазалау үшін “щетки” қолданыңыз.

ЕСКЕРТУ: Бак деңгейі датчигі зауытта ең төменгі параметрге орнатылған. Ертөрек ескертуді алу үшін датчик кронштейнде жоғары жылжытылуы мүмкін.


Бак деңгейінің датчиктері (А) оптикалық датчиктер болып табылады. Датчик бакта көрсетілген кезде жақтауды басқару пультындағы бак бос шамы (В) жанады және мониторда ескерту пайда болады.

А—Бак деңгейінің датчигі

В—Бак бос ескерту шамы



A49868 —UN—12AUG02



A53315 —UN—12NOV03

WP29706,0000371 -KK-09MAY12-1/1

Дәндерді жеткізу бактарын толтыру

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Машинаны жолдарда тасымалдаған кезде бактар бос болуы тиіс.

ОӨЖ желдеткіші қосулы кезде қақпақтарды ашпаңыз. Қақпақтар және зиянды химиялық заттар беткі ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітелуі мүмкін.

Жабыны дән дәрілерінен болған бөлшектермен жұмыс істегенде, химиялық заттарды өндіруші нұсқаған сақтық шараларын орындаңыз. Теріні, көзді және тыныс алу жолдарын дұрыс қорғаңыз.

МАҢЫЗДЫ: Бак толуларының арасындағы дән дәрілетулерінің немесе тальктың жиналуларын тазалаңыз.

Дәнді қоқыстан таза ұстаңыз. Қоқыс түтікшелердің бұғатталуына әкеліп соғуы мүмкін. Қосымша толу экраны қол жетімді, John Deere дилерімен хабарласыңыз.

Дән бактарын толтырудан бұрын дән деңгейі датчигін тазалаңыз

Жаңа бакты пайдаланудың ең алғашқы кезінде үйілген бак ішінің түбіне тальктың жұқа қабатын жағыңыз. Үш есе көп тальк немесе графит мөлшерін үйілген қоймада орналасқан дәннің бірінші екі немесе үш бушелімен араластырыңыз (Мөлшер кестелері және баптаулар механик жүргізуші нұсқаулығындағы ТАЛЫК МАЙЫН ҚОЛДАНУ бөлімін қараңыз). Ол дән қаптауларының жиналуына қарсы көмек ретінде ОӨЖ жүйесінің ішін және шлангтарды қорғаушы тальк қабатымен қаптайды.

Бактағы жеткізу шлангтарының бітелуін болдырмаңыз. Бак араластырушылары машина төмендетілген және трактор кілті қосулы болғанда қосылуы мүмкін. Араластырушының желдеткіш ауа ағынысыз жұмыс істеуі дәннің кейбір түрлерінің бактағы шлангтарда бітелуін әкеліп соғады. Егер машина бактағы



A34471



A34471 —UN—11OCT88

A49921 —UN—20AUG02

дәндермен ұзақ уақытқа төмендетілген болса, трактор кілтін өшіріңіз немесе араластырушыны ажыратыңыз.

Вакуум өлшеуішін басқару бөліміндегі ТАЛЫК МАЙЫН ПАЙДАЛАНУ мақаласын оқыңыз.

Ең жақсы жұмыс үшін, ұштарды орналастырған кезде бактарда қалған дән мөлшерін азайту үшін толтырудан кейін бактарда дәнді тегістеңіз. Бактар толы кезде және бак деңгейі төмен датчигінің ескерту шамы жанған кезде ені 203 мм (8 дюйм), 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты қылшақты пайдалануды ұсыныңыз.

Жүйе қосылған кезде жеткізу қатарларының бітелуін болдырмау үшін толтырудан кейін қақпақтарды мықтап жабыңыз.

LD45720,00001AE -KK-31MAR09-1/1

ОӨЖ бактарындағы дәндерді теңгеру

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: ОӨЖ желдеткіші қосулы кезде қақпақтарды ашпаңыз. Қақпақтар және зиянды химиялық заттар бетке ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітеледі.

Жабыны дән дәрілерінен болған бөлшектермен жұмыс істегенде, химиялық заттарды өндіруші нұсқаған сақтық шараларын орындаңыз. Теріні, көзді және тыныс алу жолдарын дұрыс қорғаңыз.

Қатар бөлімі, төмен деңгей ескертуі пайда болған кезде немесе бак деңгейі төмен датчик шамы жанған кезде дәнді ОӨЖ бактарына тегіс тарату үшін ені 203 мм (8 дюйм), 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты қылшақты пайдаланыңыз. Сондай-ақ бұл қылшақты ОӨЖ бактарын толтырудан кейін теңгеру үшін және кейде бак деңгейі датчигін тазалап отыру үшін пайдаланыңыз.

OUC6074,0000B25 -KK-26MAR04-1/1

Қатар бөлімі жинауыштарын толтыру



САҚ БОЛЫҢЫЗ: Бак қақпақтары орнатылмаған болса ОӨЖ желдеткішін басқармаңыз. Зиянды химиялық заттар беткі ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітеледі.

ОӨЖ желдеткіші қосылып, қатар бөлімдерін толтыра бастағанша машинаны төмендетіңіз. Қатар бөлімі жинауыштары жұмыс деңгейінде әдетте 30 секундтан аз болады, ірі дәндер және кең сепкіштер бұл уақытты 2 минутқа дейін созуы мүмкін.

OUO6074,0000B26 -KK-26MAR04-1/1

DB120-адн басқа барлық машиналарда ОӨЖ багының қысымын орнату

Бак қысымын орнату үшін келесіні орындаңыз:

1. Бактың қақпақтарының жабық болғандығына көз жеткізіңіз.

МАҢЫЗДЫ: Вакуумды желдеткіштерін (жабдықталған болса) қосу арқылы майды жылытыңыз немесе трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығы арқылы ТБК-ға шланг ілгішін орнатыңыз. ОӨЖ желдеткішін майды жылыту үшін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ, дән жеткізу шлангтары бітелуі мүмкін.

2. Трактор майын 15 минут жылытыңыз.
3. Машинаны төмендетіңіз, ТБК-ны тұрақты қысқартуды фиксациялау күйінде қалдырыңыз.
4. Ағынды басқару клапанын (А) дән жинауышқа аға бастағанша сағат тіліне қарсы ашыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Бак қысымының 24 дюймынан АСЫРМАҢЫЗ әйтпесе гидравликалық мотордың және дән багы қақпақтарының зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Себу кезінде немесе қатар бөлімдері бос кезде төменірек ескертулер жасалынған болса бак қысымын 2 дюймға, өлшеуіштер толық болғанша арттырыңыз.

5. Қатар жинауыштары толы және машина тұрған кезде қысымды төмендегідей баптаңыз:

DB44			
Өнім	Су дюймдары қысымы	Түтікше өндірімесі қажет	Кішкентай дөңді шығару бүгілмелі құбыры (Тек қана вакуумды)
Соя бұршағы	12	Жоқ	Жоқ
4400 дән/кг-нан (2000 дән/фунттан көп) көп кішкентай дән	10	Жоқ	Жоқ
4400 - 2640 дән/кг (2000 - 1200 дән/фунт аралығында) орташа дән	12	Жоқ	Жоқ
2640 дән/кг-нан (1200 дән/фунттан аз) аз ірі дән	14	Жоқ	Жоқ
Мақта	10	Жоқ	Жоқ
Бал жүгері	8	Иә	Иә
Күнбағыстар	6	Жоқ	Жоқ



А—Ағынды басқару клапаны

DB60 және DB66			
Өнім	Су дюймдары қысымы	Түтікше өндірімесі қажет	Кішкентай дөңді шығару бүгілмелі құбыры (Тек қана вакуумды)
Соя бұршағы	14	Жоқ	Жоқ
4400 дән/кг-нан (2000 дән/фунттан көп) көп кішкентай дән	12	Жоқ	Жоқ
4400 - 2640 дән/кг (2000 - 1200 дән/фунт аралығында) орташа дән	14	Жоқ	Жоқ
2640 дән/кг-нан (1200 дән/фунттан аз) аз ірі дән	16	Жоқ	Жоқ
Мақта	12	Иә	Қосымша
Бал жүгері	10	Иә	Иә
Күнбағыстар	6	Жоқ	Жоқ

DB80, DB88, және DB90			
Өнім	Су дюймдары қысымы	Түтікше ендіrmесі қажет	Кішкентай дөңді шығару бүгілмелі құбыры (Тек қана вакуумды)
Соя бұршағы	16	Жоқ	Жоқ
4400 дән/кг-нан (2000 дән/фунттан көп) көп кішкентай дән	14	Жоқ	Жоқ
4400 - 2640 дән/кг (2000 - 1200 дән/фунт аралығында) аралығындағы орташа дән	16	Жоқ	Жоқ
2640 дән/кг-нан (1200 дән/фунттан аз) аз ірі дән	18	Жоқ	Жоқ
Мақта	12	Иә	Қосымша
Бал жүгері	10	Иә	Иә
Күнбағыстар	8	Жоқ	Жоқ

WP29706,0000383 -KK-01JUN12-2/2

ОӨЖ багының қысымын орнату DB120

1. ОӨЖ желдеткішін басқару:

- Алдыңғы желдеткіштің ағынды басқару тұтқасы (А) ОӨЖ қысымын ішкі 29 қатар үшін басқарады. (Оң жақты 50 бушельдік ОӨЖ багы және Көмекші бак)
- Артқы желдеткіштің ағынды басқару тұтқасы (В) ОӨЖ қысымын сыртқы 19 қатар үшін басқарады. (Сол жақ 50 бушель ОӨЖ багы)


МАҢЫЗДЫ: Вакуумды желдеткіштерін (жабдықталған болса) қосу арқылы майды жылытыңыз немесе трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығы арқылы ТБК-ға шланг ілгішін орнатыңыз. ОӨЖ желдеткішін майды жылыту үшін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ, дән жеткізу шлангтары бітелуі мүмкін.

2. Трактор майын 15 минут жылытыңыз.

3. Машинаны төмендетіңіз, ТБК-ны тұрақты қысқартуды фиксациялау күйінде қалдырыңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер қандай да бір қатардың ақаулығы орын алатын болса, желдеткіштің сол қатарға қысымды басқаратындығын анықтаңыз. Сол желдеткіштің қысымын қатар бөлімі толы болғанша қысымның 1 дюйм кеңейтіміне арттырыңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер ОӨЖ шлангыларының немесе бөлгіштердің бітелуі орын алса, сол қатардың қысымын қай желдеткіштің басқаратындығын анықтаңыз. Сол желдеткіштің қысымын бітелудің пайда болуы тоқтағанша қысымның 1 дюйм кеңейтіміне азайтыңыз.



А—Алдыңғы желдеткіштің ағынды басқару тұтқасы

В—Артқы желдеткіштің ағынды басқару тұтқасы

4. Ағынды басқару клапандарын дән жинауышқа аға бастағанша сағат тіліне қарсы ашыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Бак қысымының 24 дюймынан АСЫРМАҢЫЗ әйтпесе гидравликалық мотордың және дән багы қақпақтарының зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Себу кезінде немесе қатар бөлімдері бос кезде төменірек ескертулер жасалынған болса бак қысымын 2 дюймға, өлшеуіштер толық болғанша арттырыңыз.

5. Қатар жинауыштары толы және машина тұрған кезде қысымды төмендегідей баптаңыз:

DB120				
Өнім	Оң жақ ОӨЖ және Көмекші бактарына арналған су дюймдары қысымы	Сол жақ ОӨЖ багына арналған су дюймдары қысымы	Түтікше өндірімесі қажет	Кішкентай дәнді шығару бүгілмелі құбыры (Тек қана вакуумды)
Соя бұршағы	15	17	Жоқ	Жоқ
4400 дән/кг-нан (2000 дән/фунттан көп) көп кішкентай дән	13	15	Жоқ	Жоқ
4400 - 2640 дән/кг (2000 - 1200 дән/фунт аралығында) аралығындағы орташа дән	15	17	Жоқ	Жоқ
2640 дән/кг-нан (1200 дән/фунттан аз) аз ірі дән	17	19	Жоқ	Жоқ
Мақта	11	13	Жоқ	Жоқ
Бал жүгері	9	11	Иә	Иә
Күнбағыстар	7	9	Жоқ	Жоқ

WP29706,0000385 -KK-01JUN12-1/1

ОӨЖ жүйесін басқару—Ауыр өңделген дән немесе Ірі дән жүгерісі

МАҢЫЗДЫ: Бактарды толтыру барысында тальк немесе графит жақсылап араластырылуы тиіс.

МАҢЫЗДЫ: Дәннің немесе тальктың барлық дәрілету жиналуларын 1372 мм (4,5 фут)

тұтқасы бар ені 203 мм (8 дюйм) қатты кең қылшақпен алыңыз.

ВАКУУМ ӨЛШЕУІШТЕРІ: Ауыр өңделген дән немесе ірі дән жүгерісімен ОӨЖ жүйесін басқарған кезде тальк мөлшерін ЕКІ ЕСЕ АРТТЫРЫҢЫЗ. Вакуум өлшеуішін басқару бөліміндегі ДӨНДІ ӨНДЕУ ҰСЫНЫСТАРЫ мақаласын оқыңыз.

LD45720,00001AF -KK-31MAR09-1/1

Бал жүгеріні және кішкентай жүгеріні сепкен кезде ОӨЖ жүйесін басқару

МАҢЫЗДЫ: Дәні ірірек түсімге ауысудың алдында түтікше ендірмелерін (А) алыңыз. Ірірек дән түтікше ендірмелері орнатылған бактардан шықпайды. Бактар кейін төгілуі тиіс, түтікше ендірмелері алынып, қайта толтырылуы тиіс.

ЕСКЕРТУ: Түтікше балжүгері үшін ұсынылады.

ЕСКЕРТУ: Өлшемдері ерекше кішкентай мақта дәндері түтікше ендірмелерін және шығару бүгілмелі құбырын қажет етуі мүмкін.

1. Бакты толтырмастан бұрын барлық түтікшелерге түтікше ендірмелерін (А) орнатыңыз.


ЕСКЕРТУ: Бүгілмелі құбырларды ауыстыру кішкене жүгері үшін қосымша болып табылады.

2. Кішкентай тесіктері бар бүгілмелі құбырды (В) шағын жинауыштан алыңыз.
3. Ойықты тесіктері бар бүгілмелі құбырды (С) шағын жинауыштарға орнатыңыз.



А—Түтікше ендірмелері
(А73214)

В—Бүгілмелі құбыр (А75164)

С—Бүгілмелі құбыр (Бал жүгері) (А75165)



Түтікше ендірмелері



Бүгілмелі құбыр - Бал жүгері

A50710 —UN—17OCT02

A60389 —UN—02JUL07

A51048 —UN—08NOV02

OUC6074,0000B2A -KK-17MAY11-1/1

ОӨЖ жүйесін стандартты өлшемді дөңдерді себу кезінде басқару

1. Қақпақтарды (А) алыңыз. Ірі дөңдер жабындар орнатылған кезде бактардан шықпайды.
2. Қара шығару бүгілмелі құбырын (кішкентай тесіктері бар) (В) жалғыз ауызды бүгілмелі құбырлары бар қатарларға (С) орнатыңыз.
3. **36 қатарлы немесе үлкенірек машиналар ғана:** Сұр шығару бүгілмелі құбырын (кішкентай тесіктері бар) (D) бөлгіш ауызды бүгілмелі құбырлардан қоректенетін бөлгіш ауызды бүгілмелі құбырлары бар қатарларға (Е) орнатыңыз.


А—Қақпақ

В—Қара шығару бүгілмелі құбыры (Стандартты)


С—Жалғыз ауызды бүгілмелі құбыр

Д—Сұр шығару бүгілмелі құбыры (Бөлгіш)


Е—Бөлгіш ауызды бүгілмелі құбыр



Қақпақтар



Қара шығару бүгілмелі құбыры



Сұр босату бүгілмелі құбыры

OUC6074,0000D5A -KK-30APR09-1/1

A50710 —UN—17OCT02

A54896 —UN—22SEP04

A54897 —UN—22SEP04


Дән көшеттерін ОӨЖ жүйелерімен себу

ЕСКЕРТУ: Себілетін дәннің аз көлемде болғандығынан, ОӨЖ жүйесін жұмыстан алу және қатар бөлімдерін жекеше толтыру ұсынылады.

Сымдар қосқышын (А) ОӨЖ желдеткішінен ажыратыңыз.

ОӨЖ бактарын пайдаланудың орнына қатар бөлімдерін жекеше толтырыңыз.

А—ОӨЖ желдеткіш сымдары қосқышы



A54350 —UN—18MAY04

OUO6074.0000D2C -KK-02JUL07-1/1

ОӨЖ бактарын жартылай тазалау

ОӨЖ қоймаларынан дәндердің тек бөлігін ғана тазалау үшін алынатын дәндердің мөлшерін реттеу үшін ашылып жабыла алатын кіші өзгермелі тазалау есігін пайдаланыңыз.

Дәндердің қажетті мөлшері төгілмегенше есікті (А) жылжытыңыз.

А—Есік



A52501 —UN—01JUN04

OUO6074.0000B2B -KK-26MAR04-1/1

ОӨЖ бактарын тазалау

МАҢЫЗДЫ: ОӨЖ бактарындағы тазалау есіктерінің машинаны бүгудың алдында жабылғандығын тексеріңіз, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Тазалау есігі (B) бактарды түзету және басқарылатын тазалау үшін қолданылады.

Тазалау есігі (D) тазалау басталғанда жабылмайды.




Мақұлданған дөңдерді қоймадан тазалағанда барлық дөңдерді қоймадан 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты 203 мм (8 дюйм) кең қылшақпен шығарыңыз.

Дөңнің немесе тальктың барлық дәрілету жиналуларын 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты 203 мм (8 дюйм) кең қылшақпен алыңыз.

1. Қоймадағы дөңдерді жинау үшін контейнерді тазалау есіктерінің астына орнатыңыз.
2. Тазалау есігін (B) басқару үшін тұтқаны (A) сырғытыңыз. Дөңнің көбі алынған кезде есікті жабыңыз.
3. Қоймада қалған дөңдерді жинау үшін иіңтіректі (C) айналдырып, тазалау есігін (D) ашыңыз.
4. Тазалау есігін жабыңыз.
5. Басқа тазалау есіктерінде қайталаңыз.

A—Тұтқа
B—Тазалау есігі

C—Тұтқа
D—Тазалау есігі



A68219—UN—20JUL10

A68218—UN—20JUL10

A68220—UN—20JUL10

OUO6074,00009BF -KK-20JUL10-1/1


Кептелген және бұғатталған ОӨЖ жүйесі

Егер дән монитори Қатар бұзылды ескертуін көрсетсе, алдымен дән жеткізу түтігінің бітелуін немесе өнімнің ОӨЖ бағында кептелуін тексеріңіз. Себепті анықтау үшін келесіні орындаңыз:

1. ОӨЖ желдеткішін қосыңыз.
2. Бітелген қатар бөлімі жинауышынан қапқы алыңыз.
3. Жинауыштың шығару бүгілмелі құбыры (А) арқылы ағатын ауаның мөлшерін бақылаңыз.
 - Егер **Төмен ауа ағыны** көрсетілген болса, ОӨЖ жеткізу шлангысы бітелген. Осы үрдістегі ОӨЖ шлангысының бұғатталуын алу мақаласын оқыңыз.
 - Егер **Жоғары ауа ағыны** көрсетілген болса, өнім ОӨЖ құбырында кептелген. Осы үрдістегі Өнім ОӨЖ бағы құбырында кептелген мақаласын оқыңыз.

ОӨЖ шлангысының бұғаттауын алыңыз

1. ОӨЖ желдеткішін өшіріңіз.
2. Дән жеткізу шлангысын бітелген қатар бөлімінен алыңыз.
3. Кедергі шлангтың ұшынан ағып шыққанша шлангты жинауыштан ОӨЖ бағына қатты сілкіңіз.
4. Шлангты қайта қосыңыз.
5. ОӨЖ желдеткішін қосыңыз және дәннің жинауышқа ағуын тексеріңіз.
6. Егер дән ағыны бақыланбаса, үрдісті қайталап орындаңыз.



Pro-Series™ жинауышы көрсетілген

А—Жинауыштың шығару бүгілмелі құбыры

A54895 —UN—22SEP04

OUC6045.0000001 -KK-27MAY09-1/2

Өнім ОӨЖ бағы құбырында кептелген



1. ОӨЖ жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне көз жеткізу үшін төмендегі элементтер тексерілуі қажет:
 - ОӨЖ бағы қысымы себілетін дәнге ұсынылған параметрге орнатылған.
 - ОӨЖ желдеткіші қосылған кезде бак араластырушысы айналады.
2. Түтікше ендірімелері (А) себілетін арнайы түсім үшін орнатылған немесе алынған.
3. Араластырушы істіктері (В) бак түтікшелері арасында орталанған.

МАҢЫЗДЫ: Бак қысымының 24 дюймынан АСЫРМАҢЫЗ әйтпесе гидравликалық мотордың және дән бағы қапқатарының зақымдалуы мүмкін.

4. Егер барлық жағдайлар шешіліп, кептелу әлі де пайда болса, ОӨЖ бак қысымын 1 дюйм артуларында дән барлық қатарларға дұрыс аққанша арттырыңыз.

А—Түтікше ендірімесі

В—Істіктер



A50710 —UN—17OCT02


A62189 —UN—06MAR08

OUC6045.0000001 -KK-27MAY09-2/2

ОӨЖ желдеткіші моторының май қоймасы

Белгілі бір жағдайларда ОӨЖ желдеткіш моторы мотор білігінің сальнигі арқылы майдың аз мөлшерінің ағуына жол береді. Бұл ағу қалыпты болып саналады. Майдың қалыпты ағуы себу маусымы барысында қойманы (А) толтырмайды. Егер қойма толығымен толған болса, мотордың сальнигінің ақаулығын тексеріңіз. John Deere™ дилерімен хабарласыңыз.

А—Қойма



John Deere - Deere & Company компаниясының сауда белгісі

OUO6074,0000A4D -KK-19JUL10-1/1

A68295—UN—19JUL10

Жалпы

МАҢЫЗДЫ: Машинаны көтерген немесе төмендеткен кезде ТБК иінтірегін ҚАЛҚУ күйіне ҚОЙМАҢЫЗ. Машинаны көтеру мен төмендетудің дұрыс үрдісі - толығымен ЖОҒАРЫ немесе ТӨМЕН ҚУАТ БЕРУ.

Дән түтіктері мен дән қопсытқыштарының бітелуінің алдын алу үшін алға жүрген кезде машинаны төмендетіңіз.

Машина төмендетілген кезде артқа ЖҮРМЕҢІЗ.

Машинаның дұрыс жұмыс істеуі үшін машина жақтауының толығымен дұрыс жұмыс істеу күйіне төмендетілген болуы маңызды. Бұл күйге қол жеткізу тіркеме комбинацияларына байланысты қиын болуы мүмкін, әсіресе енуі ауыр топырақ жағдайларында сепкен кезде. Егер бұл жағдай алғаш рет болса, келесі әрекет кепілденген болады:

Тіркеменің төменгі күш деңгейлерін азайтыңыз. Тіркеменің қажет болғаннан артық төменгі күшін пайдалануды болдырмаңыз.

1. Ұсынылған өлшемді тракторды пайдаланыңыз.
2. Трактор мен машинаны тиісті түрде дайындаңыз. Тракторды дайындау және Машинаны дайындау бөлімдерін қараңыз.
3. Дәндердің және тыңайтқыштың өлшемдерін мұқият тексеріңіз.
4. Себудің алдында шина қысымын тексеріңіз.
5. Егу алдында трактордың гидравликалық майын жақсылап қыздырыңыз. Суық май желдеткіш жылдамдығын баяулатуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: Сыртқы қанаттың қатар бөлім жинауыштары, өлшеуіштер мен дән түтігінің құрамдастары бүгулі күйде болғанда шөгінділер мен қоқыстар кіруі мүмкін. Сыртқы қанаттың қатар бөлім жинауыштары, өлшеуіштер мен дән түтігінің құрамдастары бүгулі күйде болғанда шөгінділер мен қоқыстардың кіруі мүмкін болатын жағдайларда ұзақ уақыт бойғы сақтаудан немесе тасымалдаудан абай болыңыз. Бүгулі күйде болғанда кіріп кеткен шөгінділер мен қоқыстардың тұрып қалмауы үшін сыртқы қанаттың қатар бөлім жинауыштары, өлшеуіштер мен дән түтігінің құрамдастарын тексеріңіз. Жұмыс алдында құрамдастарды қажетінше тазалаңыз.

6. ОӨЖ желдеткішін ұсынылған жылдамдықпен жұмыс істетіңіз. Шамадан тыс жылдамдық ауа жүйесінің шамадан тыс тозуын тудыруы және дөңді зақымдауы мүмкін.
7. Жоғары ылғалдыдық немесе дымқыл, жаңбырлы күндерде немесе түні бойы отырудан кейін машина бір немесе одан көп сағат тұрғанда ОӨЖ желдеткішін ұсынылған айналым/минуттармен машинаны 10 минут бойы тұрақты түрде жұмыс істетіңіз.
8. Ең жақсы нәтижелерге жету үшін таза дөңді қолданыңыз.

OUO6064.00005FD -KK-26SEP11-1/1

VacuMeter™ гидравликалық жүйесін басқару

Вакуум моторының гидравликалық шлангтары қысым шлангысы “Қысқарту” муфтасына жалғанған кезде тракторға жалғануы тиіс.

Вакуум жүйесін қосу үшін ТБК иінтірегін алға жылжытыңыз және оны алға (қысқарту) фиксациялау күйіне құлыптаңыз.

Гидравликалық жүйедегі қысым тістерінің зақымдалуын болдырмаңыз. Вакуум жүйесін тоқтату үшін ТБК иінтірегін “Нейтрал” күйіне емес, алға “Қалқу” күйіне, жылжытыңыз.

Гидравликалық вакуум моторлары тоқтаған кезде ТБК иінтірегін қайта “Нейтрал” күйіне қоюға болады.

OUO6045.00008B4 -KK-21MAY09-1/1

Сепкіштерді бұғу және жаю (Бүгілмеген көмекші машиналар)

ЕСКЕРТУ: Бұл қадамдар сепкіштің гидравликалық жүйесінің ұсынылғандай жалғанғандығына негізделген. "Машинаны бекіту" бөлімінде "ГИДРАВЛИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР" мақаласын қараңыз.

Машинаны жайыңыз:

1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне қосыңыз.
2. Машинаны тасымалдаудан төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
3. Қанат доңғалақтарын төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
4. Қанат тұтқалары босатылғанша ысырманы төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ЫСЫРМАНЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ: Сепкіш қанаттары жайылғаннан кейін тракторды сырғытыңыз.



5. Машинаны жаю үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
6. Ілгек ысырмасын құлыптау үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.
7. Қызмет көрсету үшін орталық жақтау қызметтік құлыптарын (G) және қанаттың қызметтік құлыптарын (H) орнатыңыз.

Машинаны бүгіңіз:

1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын СЕБУ күйіне қосыңыз. Машинаны көтеру үшін ТБК I қосыңыз.
2. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне қосыңыз.
3. Ілгек ысырмасын өшіру үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ: Сепкіш қанаттары бүгілгеннен кейін тракторды сырғытыңыз.

4. Машинаны бұғу үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
5. Қанат тұтқалары ілгектің үстінде құлыпталғанша тығынды көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ЫСЫРМАНЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
6. Қанат доңғалақтарын бір біріне тигенше көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.



Ортаңғы жақтау доңғалақтары



Қанат доңғалақтары

A—Маркерлер
B—Маркер режимі
C—Муфта
D—Себу-Тасымалдау

E—Көтерулі-Бүгулі тасымалдау
F—Тығынды көтеру-Тығынды ысыру
G—Қызметтік құлып, Орталық жақтау
H—Қызметтік құлып, қанат

7. Машинаны тасымалдау күйіне көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.

OUO6064,0000201 -KK-14JUL10-1/1


A50678 —UN—15OCT02

A64952 —UN—08JUL09


A64953 —UN—08JUL09

Сепкіштерді бұғу және жаю (Бүгілген көмекші жабдықталған машиналар)

ЕСКЕРТУ: Бұл қадамдар сепкіштің гидравликалық жүйесінің ұсынылғандай жалғанғандығына



A50678 —UN—15OCT02



A64952 —UN—08JUL09

Ортаңғы жақтау доңғалақтары

Машинаны жайыңыз:

1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне қосыңыз.
2. Қанаттарды босату үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫНДЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
3. Машинаны тасымалдаудан төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
4. Қанат доңғалақтарын төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
5. Қанат тұтқалары босатылғанша тығынды төмендету үшін ТБК III қосыңыз.


ЕСКЕРТУ: Сепкіш қанаттары жайылғаннан кейін тракторды сырғытыңыз.

6. Машинаны жаю үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
7. Ілгек ысырмасын құлыптау үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.
8. (DB120 ғана) Қанатшаларды жаю үшін:
 - СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын СЕБУ күйіне қосыңыз.
 - МАРКЕР РЕЖИМІ қосқышын ҚОЛМЕН күйіне орнатыңыз.
 - Сол жақ қанатшаны төмендететін ТБК II қосу үшін МАРКЕР С қосқышын басыңыз.
 - Оң жақ қанатшаны төмендететін ТБК II қосу үшін МАРКЕР О қосқышын басыңыз.
 - МАРКЕР РЕЖИМІ қосқышын АВТОМАТТЫ күйге қойыңыз.



A64953 —UN—08JUL09

Қанат доңғалақтары



Құрылғы орнатылған қатар тазартқышы

A64949 —UN—08JUL09

A—Маркерлер
B—Маркер режимі
C—Муфта
D—Себу-Тасымалдау
E—Көтерулі-Бүгулі тасымалдау

F—Тығынды көтеру-Тығынды ысыру
G—Қызметтік құлып, Орталық жақтау
H—Қызметтік құлып, қанат
I—Датчик

9. Қызмет көрсету үшін орталық жақтау қызметтік құлыптарын (G) және қанаттың қызметтік құлыптарын (H) орнатыңыз.

(I) негізгі жақтаудағы қатар тазартқыштарымен бірдей нөмірге орнатыңыз.


10. (DB120 ғана) Қанатшалардағы қатар тазартқыштары: Қатар тазартқышы датчигін

OUC6064,00005FE -KK-26SEP11-2/3

Машинаны бүгіңіз:

МАҢЫЗДЫ: (DB 120 ғана) Бүгу кезінде зақымды болдырмаңыз. Қанатшалардың қатар бөлімдеріндегі құрылғы орнатылған қатар тазартқыштарын баптаңыз. Пневматикалық төменгі күш жүйесінде кемінде 69 кПа (0,7 бар) (10 фунт/дюйм²) сақтаңыз (жабдықталған болса).

1. (DB120 ғана) Қанатшалардағы қатар тазартқыштары: Құрылғы орнатылған қатар тазартқыштарының жоғары параметрде болмағандығын тексеріңіз. Қанатшаларды бүгудің алдында датчик (A) сандар ауқымының ішінде болғанша қатар тазартқыштарын төмендетіңіз. Пневматикалық төменгі күш жүйесін минималды 69 кПа (0,7 бар) (10 фунт/дюйм²) параметріне қысымдаңыз.
2. (DB120 ғана) Қанатшаларды бүгу үшін:
 - МАРКЕР РЕЖИМИ қосқышын ҚОЛМЕН күйіне орнатыңыз.
 - Сол жақ қанатшаны көтеретін ТБК II қосу үшін МАРКЕР С қосқышын басыңыз.
 - Оң жақ қанатшаны көтеретін ТБК II қосу үшін МАРКЕР О қосқышын басыңыз.
 - МАРКЕР РЕЖИМИ қосқышын АВТОМАТТЫ күйге қойыңыз.
 - Бүгулі күйде болғанда кіріп кеткен шөгінділер мен қоқыстардың тұрып қалмауы үшін сыртқы қанаттың қатар бөлім жинауыштары, өлшеуіштер мен дөн түтігінің құрамдастарын тексеріңіз. Жұмыс алдында құрамдастарды қажетінше тазалаңыз.
3. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын СЕБУ күйіне қосыңыз. Машинаны көтеру үшін ТБК I қосыңыз.
4. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне қосыңыз.



A—Датчик

5. Ілгек ысырмасын босату үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ: Сепкіш қанаттары бүгілгеннен кейін тракторды сырғытыңыз.


6. Машинаны бүгу үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
7. Бүгуге көмектесетін цилиндрді қысқарту және қанаттарды бүгулі күйге тарту үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫНДЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
8. Қанат тұтқалары ілгектің үстінде құлыпталғанша ысырманы көтеру үшін ТБК III қосыңыз.
9. Қанат доңғалақтарын бір біріне тигенше көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
10. Машинаны тасымалдау күйіне көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.

OUC6064,00005FE -KK-26SEP11-3/3

A64951 —UN—08JUL09

Себу тереңдігін баптау

ЕСКЕРТУ: Тұйықтаушы доңғалақтың төменгі күші дән орналасуы мен тереңдігіне әсер



A53159 —UN—23OCT03

Қатар доңғалақтары (B) дән тереңдігін бақылайды. Себу тереңдігін төмендегідей баптаңыз:

1. Қатар доңғалақтарынан салмақты алу үшін машинаны көтеріңіз.
2. Тереңдікті баптайтын тұтқаны (A) көтеріңіз. Себу тереңдігін азайту үшін оны алға жылжытыңыз немесе себу тереңдігін арттыру үшін артқа жылжытыңыз. Егер кішкентай артулар қалаған болса, “жүру” тұтқасын жан-жаққа жылжытыңыз. Әрбір баптау күйі себу тереңдігін 6 мм-ге (1/4 дюйм) өзгертеді.
3. Барлық қатарларды бірдей бастапқы параметрге баптау.

МАҢЫЗДЫ: Дән түтіктерінің бітелуін болдырмаңыз. Алқапта жұмыс істеген кезде, трактор алға жылжығанда машинаны төмендетіңіз.

4. Машинаны төмендетіңіз және қалыпты себу жылдамдығымен кішкене жүріңіз.

A—Тереңдікті баптайтын тұтқа

B—Қатар доңғалақтары

етуі мүмкін. Дән жүйектерін жабу үшін қажетті күштен артық күш қолданбаңыз, әсіресе жеңіл топырақтарда.



A57709 —UN—05APR06

6 мм (1/4 дюйм) артуларында тұтқаны “жүргізу”



A57710 —UN—05APR06

6 мм (1/4 дюйм) артуларында тұтқаны “жүргізу”



A57711 —UN—05APR06

6 мм (1/4 дюйм) артуларында тұтқаны “жүргізу”


Келесі бетте жалғасады

OUC6074,00009B4 -KK-20APR06-1/2

5. Әрбір қатардағы себу тереңдігін тексеріңіз.
- Дәнді орналастыру үшін топырақты тік қазыңыз.
 - Дән мен топырақ профилінің (В) арасындағы тереңдікті (А) өлшеңіз. Артқы дөңгелектер жасаған шығыңқы жердің (С) төбесіне дейін өлшемеңіз.

А—Тереңдік
В—Топырақ профилінің
төбесі

С—Шығыңқы жер



Топырақ айқасу бөлімі


OUO6074,00009B4 -KK-20APR06-2/2

A57713 —UN—20APR06

Артқы доңғалақтың төменгі қысымын баптау

Бұрышталған артқы доңғалақтар дән қопсытқышының артынан ереді және қопсытқыштар жасаған дән арнасын жабады. Артқы доңғалақтар дәннің әрбір жағындағы топырақты тығыздайды, тікелей дәннің үстін емес. Бапталатын серіппе күші дән арнасының дұрыс жабылуына мүмкіндік береді.

Құбылмалы топырақ жағдайларына төменгі күшті баптау үшін тұтқаны (А), (В), (С) және (D) науаларына орналастырыңыз. Тұтқаны орта науаға (Е) орналастыру артқы доңғалақтарға тек қана артқы дөңгелек жүйесі салмағымен топырақ бетінде ҚАЛҚУ мүмкіндігін береді.



А—Науа А (Минималды)
В—Науа В
С—Науа С

Д—Науа D (Максималды)
Е—Науа Е (Қалқу)

OUO6435,0000427 -KK-15JUL10-1/1

A68212 —UN—15JUL10


Артқы доңғалақтарды ортаға орналастыру

Артқы доңғалақтар (А) дән жүйектерінің үстінен ортаға орналастырылмаған болса келесіні орындаңыз:

- Машинаны көтеріңіз.
- Бұрандаларды (В) босатыңыз және артқы доңғалақтарды оңға немесе солға қарай баптаңыз. Қажет етілгендей көзбен ортаға орналастырыңыз.
- Бұрандаларды (В) бекемдеңіз.

А—Артқы доңғалақтар

В—Бұрандалар



AG,OUO6074,1204 -KK-08AUG07-1/1


A46773 —UN—12OCT00

Артқы доңғалақ аралығын баптау

ЕСКЕРТУ: Артқы доңғалақтар арасындағы бос аралық жабу жүйесі таяз тереңдіктерде кішкене дөңдерді себудің талаптарына икемделетіндей бапталады.

Аралықты өзгерту үшін гайкалар және аралық қабаттарды (А) алыңыз. Аралық қабаттары сыртқа қарай (тар аралықтар үшін) немесе ішке қарай (кең аралық үшін) орналасқан артқы доңғалақтарды орнатыңыз.

А—Гайкалар және аралық қабаттар



A46774 —UN—13OCT00


A46775 —UN—12OCT00

AG,OUO6074,1205 -KK-08AUG07-1/1

Артқы доңғалақтарды ырғау

Егер қалдықтар немесе тамыр домалақтары жабын тиллі немесе тилльсіз жағдайларда артқы дөңгелектер арасында тұрып қалатын болса, себу құрылғысынан бір артқы дөңгелекті алыңыз және тіреудің арты тесігіне (А) орнатыңыз.

А—Артқы тесік




A46776 —UN—12OCT00

AG,OUO6074,1206 -KK-04AUG00-1/1

Pro-Series™ XP дән өлшеуіші жинағын қатар бөлімінен алу

A62348 —UN—27MAR08




Құлыпталмаған белгі жоғары


1. ОӨЖ дән жеткізу шлангысын (А) жинауыш толтыру саптамасынан (В) сырт қағылғанша сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз және шлангты суырып тастаңыз.
2. Құлыптау істігін (G) 180 градусқа “құлыпталмаған” белгісі жоғарыда болмағанша айналдырыңыз.
3. Вакуумдық шлангты (Е) алыңыз.
4. Егер қатар вакуум қысымы үшін бақыланған болса, қысқышты (F) босату үшін жан-жаққа тартыңыз және датчик шлангысын фитингтен суырып алыңыз.
5. Өлшеуіш жинағын қатар бөлімінен босату үшін ысырмада (D) көтеру кезінде қысқышты (C) төмен басыңыз.
6. Электр қосқышын (J) беріліс қорабы корпусынан (жабдықталған болса) ажыратыңыз.
7. Өлшеуіштің артын жоғары және артқа көтерген кезде Pro-Shaft жетек кабелін (H) беріліс қорабы корпусынан (I) тартып алыңыз.

А—Жеткізу шлангысы
В—Толтыру саптамасы
С—Қысқыш
D—Ысырма
Е—Вакуумдық шланг


F—Қысқыш
G—Құлыптау істігі
H—Жетек кабелі
I—Берілістер қорабының корпусы
J—Электр қосқышы



A49955 —UN—03DEC02



A53366 —UN—20NOV03




A68221 —UN—30JUL10

OUC6074,000088B -KK-30JUL10-1/1

Pro-Series™ XP дән өлшеуіші жинағын қатар бөліміне орнату

A62347 —UN—27MAR08




Құлыпталған белгі жоғары


1. Жинауышты тізу ойығын (B) бұранданың (C) үстіне басыңыз (екі жақ).
2. Өлшеуішті төмен айналдыру кезінде Pro-Shaft жетек кабелін (D) беріліс қорабы корпусына (E) итеріңіз.
3. Өлшеуіштің астындағы тізу істігінің (G) қатар бөліміндегі тесікпен тізілгендігін және ілмектің (H) қатар бөліміне ысырылғандығына көз жеткізіңіз.
4. Ілмекті (H) көрсетілгендей орналастырыңыз және ысырманы (I) қысқыш (J) шертілгенше бекіте отырып төмендетіңіз.
5. Құлыптау істігін (F) “құлыптанған” белгісі жоғарыда көрінбегенше 180 градусқа айналдырыңыз.
6. ОӘЖ дән жеткізу шлангысын жинауыш толтыру саптамасына (A) итеріңіз және орнына шертілмегенше сағат бағытымен айналдырыңыз.
7. Вакуумдық шлангты орнатыңыз (K).
8. Егер қатардың вакуумдық қысымы бақыланатын болса, датчик шлангысын фитингке итеріңіз және шлангты фитингке құлыптау үшін қысқышты (L) жан-жаққа итеріңіз.
9. Электр қосқышын (M) беріліс қорабы корпусына (жабдықталған болса) қосыңыз.

A—Жинауыш толтыру саптамасы
B—Тізу ойығы
C—Бұранда
D—Жетек кабелі
E—Берілістер қорабының корпусы
F—Құлыптау істігі
G—Тізу істігі

H—Ілмек
I—Ысырма
J—Қысқыш
K—Вакуумдық шланг
L—Қысқыш
M—Электр қосқышы




A53368 —UN—20NOV03



A68526 —UN—30JUL10



A62741 —UN—26JUN08



A53371 —UN—22DEC03

OUC6074,000088C -KK-07JUN11-1/1

Pro-Series™ XP дән жинауыштарын және вакуумды өлшеуіш құрылғыларын тазалау

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Басылып қалудан жарақаттануды болдырмаңыз. Жақтауды басқару қорабының СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышы ТАСЫМАЛДАУ күйінде болуы қажет, қызметтік құлыптар орнатылған болуы тиіс және төменгі үрдіс көрсетілгендей орындалуы тиіс.

Басылып қалудан жарақаттануды болдырмаңыз. Үрдіс аяқталған кезде СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышы “СЕБУ” күйіне жылжытылмастан бұрын трактордың таңдаулы басқару клапаны (ТБК) “Нейтрал” күйінде болуы тиіс.

Тазалау-Себу қосқышы (С) желдеткіштің машина көтерулі күйде болғанда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл механик-жүргізушіге ОӨЖ бактарын және шлангтарды трактор кабинасына мініп, түспей тазалауға мүмкіндік береді. Келесі үрдіс ықтимал жарақаттануды немесе машина зақымдалуын болдырмау үшін орындалуы тиіс.




1. Машинаны көтеріңіз.
2. Тракторды тұраққа қойыңыз және тұрақ тежеуішн қосыңыз.
3. Қанаттың және орталық жақтаудың қызметтік құлыптарын (В) орнатыңыз.
4. Себу-Тасымалдау қосқышын (А) Тасымалдау күйіне орнатыңыз (жақтауды басқару қорабы).

ЕСКЕРТУ: Жақтау көтерілген күйде ОӨЖ қатар бөлімі қосқышы ОӨЖ желдеткішін өшіреді.

5. ТБК иінтірегін жақтауды төмендету-фиксациялау күйіне орнатыңыз.
6. Тазалау-Себу қосқышы СЕБУ-БАКТЫ ТАЗАЛАУ күйінде болуы тиіс және бактың тазалануы үшін сол күйде қалуы тиіс.

А—СЕБУ/ТАСЫМАЛДАУ
қосқышы
В—Қызметтік құлыптар

С—Тазалау/Себу қосқышы



DB120-дан басқа барлық DB серияларындағы ОӨЖ желдеткіші қосқышы



DB120 ОӨЖ желдеткіші қосқыштары

Келесі бетте жалғасады

OUC6064,000047F -KK-19APR11-1/6

A54595 —UN—27 JUL04

A7110 —UN—04APR11

A54397 —UN—28 JUL04

A64621 —UN—30APR09

МАҢЫЗДЫ: ОӨЖ бактарындағы тазалау есіктерінің машинаны бүгудың алдында жабылғандығын тексеріңіз, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Тазалау-Себу қосқышы СЕБУ-ҚОЙМАСЫН ТАЗАЛАУ күйінде болуы тиіс, әлде ОӨЖ желдеткіші дәндерді тазалау есіктерінен күштеп лақтырады.

Тазалау есігі (B) бактарды түзету және басқарылатын тазалау үшін қолданылады.

Тазалау есігі (D) тазалау басталғанда жабылмайды.




Мақұлданған дәндерді қоймадан тазалағанда барлық дәндерді қоймадан 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты 203 мм (8 дюйм) кең қылшақпен шығарыңыз.

Дәннің немесе тальктың барлық дәрілету жиналуларын 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты 203 мм (8 дюйм) кең қылшақпен алыңыз.

7. Қоймадағы дәндерді жинау үшін контейнерді тазалау есіктерінің астына орнатыңыз.
8. Тазалау есігін (B) басқару үшін тұтқаны (A) сырғытыңыз. Дәннің көбі алынған кезде есікті жабыңыз.
9. Қоймада қалған дәндерді жинау үшін иіктіректі (C) айналдырып, тазалау есігін (D) ашыңыз.
10. Тазалау есігін жабыңыз.
11. Басқа тазалау есіктерінде қайталаңыз.

A—Тұтқа
B—Тазалау есігі

C—Тұтқа
D—Тазалау есігі



A68219—UN—20JUL10

A68218—UN—20JUL10

A68220—UN—20JUL10

Келесі бетте жалғасады

OJ06064,000047F -KK-19APR11-2/6

12. Тазалау/Себу қосқышын (А) ШЛАНГТАРДЫ
ТАЗАЛАУ күйіне орнатыңыз.


13. Жеткізу шлангысыың жақсы тазалануы үшін бак
қысымының 20 дюймына қол жеткенше ОӨЖ
желдеткішін басқару түймешігін (В) баптаңыз.

А—Тазалау-Себу қосқышы

В—ОӨЖ желдеткішін басқару
түймешігі



DB120-дан басқа барлық DB серияларындағы ОӨЖ
желдеткіші қосқышы



DB120 ОӨЖ желдеткіші қосқыштары


OUO6064,000047F -KK-19APR11-3/6

A54379 —UN—28MAY04

A64622 —UN—30APR09

14. Дән өлшеуішінің ыдысын (А) сақтау орнынан
алыңыз.

А—Сақтау орны



Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000047F -KK-19APR11-4/6


A50099 —UN—04SEP02

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Өлшеуіш есіктерін ашқан кезде дән дәрілетулерін пайдаланатын болсаңыз сақ болыңыз. Химиялық заттары көз, тері немесе тыныс алу қиындықтарына әкеліп соғуы мүмкін. Маска, қолғаптарды және көзілдірікті киіңіз. Химикаттар өндірушісінің мекен-жайы бойынша қауіпсіздік нұсқаулықтарымен танысып шығыңыз.

15. Дән өлшеуішінің ұстау ыдысын (A) қатар бөліміне көрсетілгендей орнатыңыз, вакуум өлшеуіші төбесін ашыңыз және шланг пен өлшеуіш корпусын дәннен тазалау үшін дән дискісін баяу алыңыз. Барлық қатарлар үшін қайталаңыз.

16. Дән өлшеуіші ыдысын сақтау күйіне қайтарыңыз.

A—Дән өлшеуіші ыдысы



A34471




A34471 —UN—11OCT88


A49902 —UN—03DEC02

Келесі бетте жалғасады

OUC6064,000047F -KK-19APR11-5/6



A64595 —UN—27JUL04



A64621 —UN—30APR09

DB120 ОӨЖ желдеткіші қосқыштары

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Желдеткіштің көнеттен қосылуынан жарақаттануды болдырмаңыз. Егер қосқыш ШЛАНГТАРДЫ ТАЗАЛАУ күйінде қалса, желдеткіш ТБК қосылған сайын жұмыс істейді, тіпті бүгүлі күйде де.

ЕСКЕРТУ: Сепкіштің жақсы жұмыс істеуі үшін Тазалау-Себу қосқышы СЕБУ-БАК ТАЗАЛАУ күйіне қайтарылуы тиіс.

17. Тазалау-Себу қосқышын (C) СЕБУ-БАК ТАЗАЛАУ күйіне орнатыңыз.



A54397 —UN—28JUL04


DB120-дан басқа барлық DB серияларындағы ОӨЖ желдеткіші қосқышы

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Басылып қалудан жарақаттануды болдырмаңыз. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышы (A) СЕБУ күйіне жылжытылмастан бұрын трактордың таңдаулы басқару клапаны (ТБК) Нейтрал күйінде болуы тиіс.

18. Трактор ТБК клапанын “Нейтрал” күйіне орнатыңыз.

19. Қызметтік құлыптарды (B) алыңыз.

20. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын (A) қалаған күйге қойыңыз және жұмысты жалғастырыңыз.



A71110 —UN—04APR11

A—СЕБУ/ТАСЫМАЛДАУ
қосқышы
B—Қызметтік құлыптар

C—Тазалау/Себу қосқышы

OUC6064,000047F -KK-19APR11-6/6


Pro-Series™ XP өлшеуішінің кесу тұтқасын ауыстыру

Сирек немесе дұрыс емес майлау машинадағы жылжымалы бөлшектердің “тұрып қалуын” тудыруы мүмкін. Мұндай “тұрып қалу” кесу нүктелерінің бұзылып, машина бөлшектерінің сынуын болдырмайды. Тұрып қалудың басқа негізгі себептері қатар бөлімі жетектерінде алқап қалдықтарының қысылуын, дән өлшеуіштерінің қысылуын және тізімінің бұзылуын қамтиды.


Егер өлшеуіш тұтқасы сынып қалса, сынған бөлшектерді алып, тегіс беттерді (A) сәйкестендіріңіз де, тұтқа оқпандағы науамен сартылдап орнамағанша жаңа тұтқаны (B) беріліс қорабы (C) арқылы орнатыңыз. Беріліс қорабы кескінге (D) отырғызылуы тиіс.

A—Тегіс беттер,
сәйкестендірілген
B—Жаңа тұтқа


C—Беріліс қорабы
D—Кескін



A57648 —UN—13MAR06



A57649 —UN—13MAR06




A57650 —UN—13MAR06

Құрастырылған

OUC06064,00004D5 -KK-23MAY11-1/2

ЕСКЕРТУ: Ауыстырмалы өлшеуіш тұтқасы (A) құбылмалы өлшеуіш жетегі моторларының қасында орналасқан.

A—Ауыстырмалы өлшеуіш
тұтқасы



A60239 —UN—18JUN07

OUC06064,00004D5 -KK-23MAY11-2/2

Кесуден қорғау істіктерін ауыстыру

МАҢЫЗДЫ: Барлық кесуден қорғау істіктері жыл сайын ауыстырылуы тиіс.


МАҢЫЗДЫ: Кесілген істіктерді ТЕК бірдей өлшемді кесілген істігімен ғана ауыстырыңыз. Басқа өлшемді немесе түрлі істікпен ауыстырмаңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер бұрғы оқпаны дұрыс қосылмаса, дән құрылғыларындағы бұрғы оқпаны мойынтіректерінің болттарын босатыңыз. Оқпанды еркін айналдырып, болттармен бекемдеңіз.

Кесуден қорғау істіктері (А) қалыпты пайдалану арқылы ұзақ қолданыстан кейін деформациялануы мүмкін. Мұндай жағдайда машинаның зақымдалмауына қарамастан кесілген істіктер бүлінуі мүмкін.

Есептегіш оқпандарын байланыстыратын кесілген істіктер (А) бұрғы оқпанына шамадан тыс жүк жүк артылған кезде кесіледі. Өлшеуіш істіктері өлшеуішке шамадан тыс жүк артылған кезде кесіледі.

Сирек немесе дұрыс емес майлау машинадағы жылжымалы бөлшектердің “тұрып қалуын” тудыруы мүмкін. Мұндай тұрып қалу кесілген істіктердің кесіліп, машина бөлшектерінің сынуын болдырмайды. Тұрып қалудың басқа негізгі себептері қатар бөлімі шынжырларында алқап қалдықтарының қысылуын, дән немесе химиялық зат өлшеуіштерінің қысылуын және тізімінің бұзылуын қамтиды.



Вакуум өлшеуіші көрсетілген

А—Кесілген істік

Егер сол жақ және оң жақ кесілген істік кесілген болса, бұрғы білігін “тұрып қалудың” орнын анықтау үшін қолмен бұрыңыз. Бұрғы оқпаны қолмен еркін бұрылғанда кесілген істікті ауыстырыңыз.

OUC6064,000047A -KK-19APR11-1/1

A53593 —UN—08JAN04

Pro-Series™ XP өлшеуіш құылғыларын тексеру

Вакуум өлшеуішін тексеру

ЕСКЕРТУ: Дән дәрілетулерін пайдаланатын болсаңыз, жинауыштың түбінде болуы мүмкін барлық жиналуларды алыңыз.

Өлшеуішті тексеру үшін жинауышты бір жанына жатқызыңыз және дән дискісін алу үшін есікті (А) ашыңыз. Механизмнің балшықтан, сабаннан немесе басқа бөтен материалдан таза болғандығын анықтау үшін өлшеуіш күпшегін (В) қолмен бұрыңыз. Щетканың бос аралықтарын, күпшек жабынының сынуын және вакуумдық күпшектің сыну немесе тозу аймақтарын тексеріңіз. Егер ауыстыру қажет болса, Қызмет көрсету бөлімін қараңыз.

А—Есік

В—Өлшеуіш күпшегі



Вакуум өлшеуіші

OUC6074,0000C4F -KK-01MAY09-1/1

A51186 —UN—19NOV02


Өлшеуіш жетегін өшіру

A62348 —UN—27MAR08


1. Құлыптау істігін (А) “құлыпталмаған” белгісі жоғарыда көрінбегенше 180 градусқа бұрыңыз.
2. Pro-Shaft жетек кабелін (В) беріліс қорабының корпусынан (С) шамамен 38 мм (1,5 дюйм) тартыңыз.
3. Құлыптау істігін (А) “құлыптанған” белгісі жоғарыда көрінбегенше 180 градусқа бұрыңыз.

А—Құлыптау істігі
В—Кабель


С—Берілістер қорабының
корпусы



Бастау белгісі жоғары



A62347 —UN—27MAR08



Құлыптау белгісі жоғары

OUO6045,000000E -KK-14APR09-1/1

A49899 —UN—03DEC02

Өлшеуіш жетегін қосу

A62348 —UN—27MAR08


1. Құлыптау істігін (A) “құлыпталмаған” белгісі жоғарыда көрінбегенше 180 градусқа бұрыңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер Pro-Shaft жетек кабелі корпусқа сырғымайтын болса, өлшеуіш жетегі тұтқасын (D) кабель беріліс қорабына сырғығанша айналдырыңыз.


2. Pro-Shaft жетек кабелін (B) беріліс қорабы корпусына (C) итеріңіз.
3. Құлыптау істігін (A) “құлыптанған” белгісі жоғарыда көрінбегенше 180 градусқа бұрыңыз.

A—Құлыптау істігі
B—Кабель


C—Берілістер қорабының корпусы
D—Өлшеуіш жетегі тұтқасы



Бастау белгісі жоғары



A62347 —UN—27MAR08



Құлыптау белгісі жоғары

OUC6045,000000F -KK-14APR09-1/1

A51027 —UN—04DE002

Тальк майлағышын пайдалану

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жабыны дән дәрілерінен болған бөлшектермен жұмыс істегенде, химиялық заттарды өндіруші нұсқаған сақтық шараларын орындаңыз. Теріні, көзді және тыныс алу жолдарын дұрыс қорғаңыз.

Вакуум өлшеуіші мен ОӨЖ жүйесі (жабдықталған болса) барынша оңтайлы жұмыс істеу үшін тальк майлағыш қажет. Екпе - дән дискісінен шығатын тальк шығымдарымен мейлінше дұрыс дәрілененеді, ол өз кезегінде екпенің жерге отырғызылғанында барынша дұрыс аралық сақталуына әсер етеді.

ФЕРМЕРДІҢ ҚОЛДАНУЫНА БОЛАТЫН ЕКПЕ ДӘРІСІ
Барынша жақсы жұмыс өнімділігі үшін фермердің қолдануына болатын екпе дәрілерін пайдалану **ұсынылмайды**. Егер қолданылған болса, екпені бактарға салмас бұрын оған кез келген екпе дәрісін қолданып, әбден кептіріп алыңыз.

Дәрінің дөнге дұрыс жағылғанына сенімді болу үшін, екпеге тальк майлағышын жақпас БҰРЫН екпе дәрісін қолданыңыз, бұл - өлшегіш бөлшектеріндегі шөгінділерді азайтады. Егер шөгінділер бұдан кейін де орын алатын болса, химиялық зат өндірушісінің көмек көрсетуі үшін оған хабарласыңыз.

Дән дәрілерін пайдаланғанда өлшегіштер мен дән дискілерін талап етілгендей тазалаңыз. Дән дискілерін жылы, сабынды сумен тазалауға болады. Дискінің вакуумдық тығыздалған жағына графитті қажетінше шашыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Фермердің қолдануына болатын дәрілер пайдаланылған болса, химиялық зат өндірушісінің кеңестерін мұқият орындаңыз. **ҚҰРАМЫНДА МАЙЫ КӨП ДӘРІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҰСЫНЫЛМАЙДЫ.**

Фермердің қолдануына болатын дән дәрілері мен дөнге коммерциялық негізде жағылатын дәрілер арасындағы химиялық реакция дәннің жабысқақ болуына алып келуі мүмкін. Белгілі температура мен ылғалдылық деңгейлері шикізат сыйысымдылығын күрделендіруі мүмкін.

Дән мен дән дәрісінің қоспаларында кесектер болмау керек.

МАҢЫЗДЫ: Тальк бактар мен жинауыш дәннің барлығы тегіс жабындалатындай мұқият құрамдастырылуы керек.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ДӘРІЛЕНЕТІН ЕКПЕ

Коммерциялық негізде дәріленетін дәндерді фермердің қолдануына болатын екпе дәрілерімен бірге егу үшін, келесі талькті қолдану мөлшерінің кестелеріне назар аударыңыз.



A34471

A34471—UN—110CT88

Кейбір инсектицидпен дәріленген екпелер коммерциялық негізде жағылатын талькпен жабындалған. Егер тальк коммерциялық негізде жағылған болса да, өлшеу өнімділігін қамтамасыз ету үшін келесі кестелерде көрсетілген тальктің қажетті мөлшерін қосу керек.

Дән мен дән өлшегіштерін қамтамасыз ету үшін ОӨЖ жүйесін қолданғанда осы кестені пайдаланыңыз:

ОӨЖ жүйесінің тальк қолдану деңгейі	
Ескерту: ОӨЖ жүйесінде қозғалу мен дұрыс өлшеуді қамтамасыз ету үшін, тальк тегіс әрі мұқият араластырылуы керек.	
ОӨЖ бак өлшемі	Тальк мөлшері
1233 л (35 бушель) көлемді бак	2,6 л (11 куб. см)
1762 л (50 бушель) көлемді бак	3,8 л (16 куб. см)
Әр 80 000 дән екпесінің дән бірлігіне	74 мл (5 ас қасығы) (2,5 унция)

1,6 немесе 3,0 бушельдік жинауышты (ОӨЖ бактарыңыз) пайдаланғанда екпе мен екпе өлшемдері үшін осы кестені қолданыңыз:

MaxEmerge™ жинауыштың талькты пайдалану мөлшері	
Ескерту: Тальк жинауыштарындағы екпенің үстінен себілуі керек және екпелердің барлығының талькті жабыны болатындай мұқият араластырылуы тиіс.	
Жинауыш өлшемі	Тальк мөлшері
58 л (1,6 бушель)	120 мл (1/2 куб. см)
106 л (3 бушель)	240 мл (1 куб. см)

Екпелердің барлығы талькпен жабындалатындай етіп осы көрсеткіштерді қажетінше өзгертіңіз, тальктің бак түбіне шөгіп қалуына жол бермеңіз.

Ұсақ екпені, ірі екпені, ауыр дәріленген екпелерді еккенде немесе ылғалды егу жағдайларында тальк бойынша кеңестерді екі еселеңіз.

Кейбір жабысқақ екпе дәрілері, ірі не ұсақ екпе комбинациялары және жоғары ылғалдылық жағдайларында талькті кестеде көрсетілген мөлшерінен екі не үш есе көп қосу қажет болуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: Толтырулардың арасында жинауыштарды жиналып қалған дән дәрілері мен талькті тазарту қажет.

Егер тальк жинауыштың түбіне шөгіп қалып, вакуумдық коллекторлар жиірек тазалауды қажет етсе, сәйкесінше тальк мөлшерін азайтыңыз. Егер дән дискілерінен екпе дәрісінің жабыны табылса, тальк мөлшерін көбейтіңіз.

Дән дәрілерін пайдаланғанда өлшегіштер мен дән дискілерін талап етілгендей тазалаңыз. Дән дискілерін

жылы, сабынды сумен тазалауға болады. Дискінің вакуумдық тығыздалған жағына графитті қажетінше шашыңыз.

OUO6045,00006CD -KK-12JUL10-2/2

Тальк майлағышын пайдалану

(Майлау бөліміндегі ТАЛЫК МАЙЫН ПАЙДАЛАНУ мақаласын оқыңыз.)

OUO6064,00004D4 -KK-23MAY11-1/1

Вакуум деңгейін орнату

МАҢЫЗДЫ: ОӨЖ дән жеткізу жүйесін пайдаланған кезде жеткізіле алатын дәндер тек жүгері, соя бұршақтары, балжүгері күнбағыс және мақта болады.

МАҢЫЗДЫ: Кейбір өте кішкентай немесе үлкен өлшемді не пішінде дәндер вакуум деңгейінің көрсетілгеннен шамалы жоғары немесе төмен болуын талап етеді. Вакуум деңгейін әрқашан алқапта тексеріп алыңыз. Осы бөлімде берілген кестелер нұсқаулар болып табылады және көп жағдайларда дұрыс болады. Кейбір жағдайлар жоғары немесе төмен вакуум параметрін талап етуі мүмкін.

Вакуум деңгейі трактор кабинасында орнатылған монитор дисплейінде көрсетіледі. Мониторда вакуум деңгейін көрсету үшін SeedStar™ Механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

ВАКУУМ ДЕҢГЕЙІНІҢ КЕСТЕСІ	
Жинау	Вакуум деңгейі
Қант қызылшасы	Кестені қарау
Дән	Кестені қарау
Тәтті жүгері	Кестені қарау
Жүгері	Кестені қарау
Кішкентай, орташа және ірі асбұршақтар—Секциялық дән дискісі	8 дюйм ^a
Кішкентай, орташа және ірі асбұршақтар—Тегіс дән дискісі	Кестені қарау
Мақта	8 дюйм.
Еңіс жер мақтасы	8 дюйм.
Тегіс асбұршақ дискісін пайдаланатын мақта	Кестені қарау
Жержаңғақ (Өрмелегіш, Испандық және Вирджиния)	Кестені қарау
Бал жүгері	8 дюйм.
Жоғары пайызды балжүгері	8 дюйм.
Май күнбағысы	Кестені қарау
Тәтті күнбағыс	Кестені қарау
Соя бұршағы	8 дюйм.
Мақта дискісін пайдаланатын соя бұршағы	5-7 дюйм
Қышқылы алынған мақта	8 дюйм.

^aҰсақ асбұршақтар—6160 дән/кг (2800 дән/фунт) немесе одан көп дәндерге вакуум деңгейін 6 дюймда орнатыңыз. Орташа асбұршақтар—3960 дән/кг (1800 дән/фунт) немесе одан көп бақша бұршақтары үшін вакуум деңгейін 6 дюймда орнатыңыз.

SeedStar - Deere & Company компаниясының сауда белгісі

Бастапқы вакуум деңгейлері - СЕБУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ кестесінен алынған деректер.

ЕСКЕРТУ: Трактордың және вакуум моторының қосылуы кезінде вакуум деңгейі шамалы төменірек. Ең дәл деректер алу үшін гидравликалық майды қыздырыңыз.

Вакуум деңгейін төмендегідей орнатыңыз:


1. Трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз. Вакуум моторын қосу үшін гидравликалық басқару иінірегін алдыңғы фиксаиялау күйіне жылыжытыңыз. Майды 15 минут қыздырыңыз.
2. Жинауыштарды немесе ОӨЖ үйілген бағын дөнге толтырыңыз.
3. Тисктерді дәнмен жабу үшін ҚӨЖ-дегі “Дән өлшеуіштерін айналдыру” түймешігін екі рет басыңыз немесе шамамен 5 м (15 фут) қашықтықта себіңіз. Бос дән дискілерінде азырақ шектеу болады және вакуум көрсеткіштеріне әсер етеді.

МАҢЫЗДЫ: Гидравликалық қосылымдар вакуум деңгейін қадағалауға трактордың ағын клапаны немесе сепкіштің ағынды басқару клапаны пайдаланғандығын анықтайды. Қосылымның түрін тексеру үшін сепкіштің механик-жүргізуші нұсқаулығындағы Машинаны бекіту бөлімін қараңыз.

4. Дәнді мақсатты себу үшін сепкіштегі ағынды басқару клапанын немесе трактордағы ағынды басқаруды вакуум деңгейі кестеде ұсынылған бастапқы деңгейде болмағанша баптаңыз.
5. Тығыздықтың нақтылығына көз жеткізу үшін алқап тексерістерін орындаңыз. Қажетінше өлшеуіш және вакуум баптауларын орындаңыз. Ақаулықтарды жою және сепкішті баптау үшін сепкіштің нұсқаулығын қараңыз. Өлшеуіш баптаулары үшін осы нұсқаулықты араңыз.

OUO6064,00004EC -KK-31MAY11-1/1

H136478, A43215, A50617 немесе A52391 дән дискілерін пайдаланып дөнге вакуум деңгейін орнату



A—Вакуум деңгейі (су дюймдары)

B—Дән/фунт

C—Дән қалтасындағы фунттар (80 000 дән)

D—Ұсақ дән

E—Ірі дән

F—Құнбағыс/жүгері дискісі

G—Ұсақ дән дискісі

H—Стандартты дән дискісі

I— ProMax 40 дискісі

Бір фунтқа келетін дән мөлшерін есептеу үшін, дән жеткізушісінің ақпаратын пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Әр екпе түрі үшін дұрыс вакуум деңгейі есептелінуі керек. Бір фунтқа келетін дән мөлшерін қалтадағы дән санын қалта салмағына бөлу арқылы есептеп шығарыңыз.

МЫСАЛ: Егер 1889 дән/фунт болса, кесте ұсақ дән дискісімен бірге вакуум деңгейін 11 дюйм ертіп көрсетеді.

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап,

отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.

Жабысқақ екпе дәрілері, ойқыш жер жағдайы және жоғары жолдағы жылдамдықтар жоғары вакуум деңгейлерін қажет етеді.

Екпе өлшемдері кестедегі ұсақ дән дискісі (A43215) мен стандартты дән дискісінен (A50617) асып кеткенде, бастапқыда ұсақ дән дискісін таңдаңыз. Егер отырғызу тығыздығын қадағалау қиынға соқса, стандартты дән дискісіне ауысыңыз.


OUO6074,000101B -KK-08AUG07-1/1

A60563 —UN—08AUG07

Май күнбағысы үшін вакуум деңгейі

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап,

отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.



A—Вакуум деңгейі (су дюймдары)

B—Дән/фунт
C—Ұсақ дән

D—Ірі дән
E—Май күнбағысы дискісі

Бір фунтқа келетін дән мөлшерін есептеу үшін, дән жеткізушісінің ақпаратын пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Әр екпе түрі үшін дұрыс вакуум деңгейі есептелінуі керек. Бір фунтқа келетін дән мөлшерін қалтадағы дән санын қалта салмағына бөлу арқылы есептеп шығарыңыз.

МЫСАЛ: Егер 5500 дән/фунт болса, кесте май күнбағысы дискісімен бірге вакуум деңгейін 10 дюйм ертіп көрсетеді.


OUO6074,000101C -KK-03AUG07-1/1

A60565 —UN—07AUG07

Тәтті күнбағыс үшін вакуум деңгейі

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап,

отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.



A—Вакуум деңгейі (сү дүймдары)

B—Дән/фунт
C—Ұсақ дән
D—Ірі дән

E—Ұсақ тәтті жүгері дискісі
F—ProMax 40 дискісі

Бір фунтқа келетін дән мөлшерін есептеу үшін, дән жеткізушісінің ақпаратын пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Әр екле түрі үшін дұрыс вакуум деңгейі есептелінуі керек. Бір фунтқа келетін дән мөлшерін қалтадағы дән санын қалта салмағына бөлу арқылы есептеп шығарыңыз.

МЫСАЛ: Егер 4250 дән/фунт болса, кесте ұсақ тәтті дән дискісімен бірге вакуум деңгейін 10 дүйм ертіп көрсетеді.


OU06074,000101D -KK-03AUG07-1/1

A60567—UN—07AUG07

Тәтті дән үшін вакуум деңгейі

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап,

отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.



A—Вакуум деңгейі (сү дюймдары)

B—Дән/фунт
C—Ұсақ дән
D—Ірі дән

E—Ұсақ тәтті жүгері дискісі
F—ProMax 40 дискісі

Бір фунтқа келетін дән мөлшерін есептеу үшін, дән жеткізушісінің ақпаратын пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Әр екпе түрі үшін дұрыс вакуум деңгейі есептелінуі керек. Бір фунтқа келетін дән мөлшерін қалтадағы дән санын қалта салмағына бөлу арқылы есептеп шығарыңыз.

МЫСАЛ: Егер 4250 дән/фунт болса, кесте ұсақ тәтті дән дискісімен бірге вакуум деңгейін 11 дюйм ертіп көрсетеді.

OUO6074,000101E -KK-03AUG07-1/1

A60569 —UN—19JUL10

Вакуум деңгейінің дәндер бойынша кестесі—тегіс асбұршақ дискісі

Дән түрлері	Тегіс асбұршақ дискісін пайдаланатын вакуумның дәндер бойынша кестесі					
	Асбұршақтың тегіс дискілері			Вакуум	Қос элиминатор	Екпенің өлшемі
	Ұсақ A52903	Орташа A52904	Ірі A52878	Су дюймдары	Жабылған саңылау пайызы	Ұсыныстар
Ұсақ асбұршақ						
Ұсақ жасыл бақша бұршағы	X			16 - 18	0 - 50	1600 - 2400 дән/фунт
Қара бұршақ	X			16 - 18	0 - 50	1900 - 2600 дән/фунт
Теңіз бұршағы	X			16 - 18	0 - 50	1800 - 2600 дән/фунт
Ұсақ ақбұршақ	X			12 - 14	0 - 50	2400 - 3300 дән/фунт
Қызғылт вива бұршағы		X		18 - 20	0 - 50	1700 - 1900 дән/фунт
Орташа асбұршақ						
Орташа жасыл бақша бұршағы		X		18 - 20	0 - 50	1200 - 1600 дән/фунт
Ұсақ қызыл		X		18 - 20	0 - 50	1200 - 1500 дән/фунт
Алабұршақ		X		20 - 22	0 - 50	Барлық өлшемдер
Орташа түйебұршақ		X		14 - 16	0 - 50	1150 - 1400 дән/фунт
Лима бұршағы		X		18 - 20	0 - 50	1200 - 1600 дән/фунт
Ірі асбұршақ						
Ірі жасыл бақша бұршағы			X	20 - 22	0 - 25	700 - 1200 дән/фунт
Мүкжидек			X	20 - 22	0 - 50	800 - 1200 дән/фунт
Ірі түйебұршақ			X	18 - 20	0 - 50	850 - 1150 дән/фунт
Үлкен солтүстік			X	18 - 20	0 - 50	900 - 1300 дән/фунт
Қойбұршақ			X	16 - 18	0 - 50	750 - 900 дән/фунт
Асбұршақ						
Сиырбұршақ		X		16 - 18	0 - 50	1600 - 2000 дән/фунт
Тегіс		X		14 - 16	0 - 50	2800 - 3200 дән/фунт
Бұжыр	X			12 - 14	0 - 50	1700 - 2300 дән/фунт
Ұсақ мақта	X			12 - 18	0 - 50	1600 - 3300 дән/фунт

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап, отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.

ЕСКЕРТУ: Тегіс асбұршақ дискісін пайдаланғанда вакуум деңгейін қамтамасыз ету үшін, бір вакуум желдеткіші үшін 12 сошниктен артық қолданбаңыз.

Екпе түрлерінің арасындағы өлшем мен пішіннің әртектілігіне байланысты нақты отырғызу тығыздығы бір вакуум деңгейінің ішінде өзгеріп тұрады.

Тегіс асбұршақ вакуум датчигіне (AA38407) John Deere делдалы арқылы тапсырыс беріңіз.

OUO6074,0001021 -KK-16JUL10-1/1

Тегіс асбұршақ дискісін пайдаланатын мақта үшін вакуум деңгейі

Тегіс асбұршақ дискісін пайдаланатын вакуумның дәндер бойынша кестесі						
Дән түрлері	Асбұршақтың тегіс дискілері			Вакуум	Қос элиминатор	Екпенің өлшемі
	Ұсақ A52903	Орташа A52904	Ipi A52878	Су дюймдары	Жабылған саңылау пайызы	Ұсыныстар
Ұсақ мақта	X			12 - 18	0 - 50	1600 - 3300 дән/фунт

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап, отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.

ЕСКЕРТУ: Тегіс асбұршақ дискісін пайдаланғанда вакуум деңгейін қамтамасыз ету үшін, бір вакуум желдеткіші үшін 12 сошниктен артық қолданбаңыз.

Екпе түрлерінің арасындағы өлшем мен пішіннің әртектілігіне байланысты нақты отырғызу тығыздығы бір вакуум деңгейінің ішінде өзгеріп тұрады.


Тегіс асбұршақ вакуум датчигіне (AA38407) John Deere делдалы арқылы тапсырыс беріңіз.

OUO6074,0001022 -KK-16JUL10-1/1

Жержаңғақ үшін вакуум деңгейі

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап,

отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.



A—Вакуум деңгейі (сү дүймдары)
B—Дән/фунт

C—Ұсақ дән
D—Ірі дән
E—Нарт қызыл және испан жержаңғағына арналған ірі асбұршақ дискісі

F—Вирджиния жержаңғағының дискісі

Бір фунтқа келетін дән мөлшерін есептеу үшін, дән жеткізушісінің ақпаратын пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Әр екле түрі үшін дұрыс вакуум деңгейі есептелінуі керек. Бір фунтқа келетін дән мөлшерін қалтадағы дән санын қалта салмағына бөлу арқылы есептеп шығарыңыз.


МЫСАЛ: Егер 800 дән/фунт болса, кесте жержаңғақ үшін ірі асбұршақ дискісімен 11 дүймдік вакуум деңгейін көрсетеді немесе вирджиниялық асбұршағының дискісімен 8 дүймдік вакуум деңгейін көрсетеді.

OUO6074,000101F -KK-06AUG07-1/1

A60571 —UN—07AUG07

Қант қызылшасының екпесі үшін вакуум деңгейі

МАҢЫЗДЫ: Әр екпе өлшемі үшін дұрыс вакуум деңгейі есептелінуі керек.



A—Вакуум деңгейі (су дюймдары)

B—Дән диаметрі (дюймнің 64-і)

C—Ұсақ дән

D—Орташа дән

E—Ірі дән

F—Ұсақ қант қызылшасы

G—Ірі қант қызылшасы

H—Орташа қант қызылшасы

Бір фунтқа келетін дән мөлшерін есептеу үшін, дән жеткізушісінің ақпаратын пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Вакуум деңгейлері - бастапқы нүкте. Алқаптық тексеруді орындап, отырғызудың дұрыс тығыздығына қол жеткізу үшін деңгейді реттеңіз.

МЫСАЛ: Егер қалта 7,5/64 дюйм - 9/64 дюйм орташа дән диаметрін көрсететін болса, вакуум деңгейін 1,5-2,5 дюйм аралығындағы Орташа қант қызылшасының дискісін орнатыңыз.


OUC6074.0001020 -KK-03AUG07-1/1

A60561—UN—07AUG07


Екпені отырғызу тығыздығын тексеру

ЕСКЕРТУ: Болымсыз тереңдікте артқы доңғалақтарды көтеріп екенде, екпелер домалауы мүмкін немесе ұшып кетіп, екпе аралығының дұрыстығына кері әсер етуі мүмкін.

1. **MaxEmerge** сошниктерінде шынжырды (В) көрсетілгендей артқы доңғалақтардың бір не бірнеше жиынына бекітіңіз: екпе арнасы ашық қалатын болсын.
2. Тереңдікті баптайтын тұтқаның (А) минималды параметрден екі параметрін орнатыңыз.
3. Қысқа арақашықтық орнатып, арнадағы екпелер көрінетін тексеріңіз. Қажет болған жағдайда тереңдікті баптайтын тұтқаны баптаңыз.
4. Шамамен 91 м (100 ярд) орнатыңыз.
5. Мөлшерлер кестелеріне мән беріңіз. Гектардың 1/1000 бөлігіне, акрдың 1/1000 бөлігіне немесе акрдың 1/200 бөлігіне қандай арақашықтық тең болатынын анықтаңыз, себебі оның отырғызылатын жол еніне қатысы бар.



MaxEmerge сошнигі



Pro Қатар бөлімі

А—Тереңдікті баптайтын тұтқа
В—Шынжыр
С—Ілгек тоғыны

Отырғызу тығыздығын тексеруге қажетті отырғызу арақашықтығы									
Отырғызылатын жол ені									
Акрдың бөлігі	15 дюйм.	18 дюйм.	19 дюйм.	20 дюйм.	22 дюйм.	30 дюйм.	36 дюйм.	38 дюйм.	40 дюйм.
1/1000, егер отырғызу тығыздығы 100 000 екпе/акрдан жоғары болса	34,8 фут	24,0 фут	27,6 фут	26,1 фут	23,8 фут	17,4 фут	14,5 фут	13,8 фут	13,1 фут
1/200, егер отырғызу тығыздығы 100 000 екпе/акрдан төмен болса	174 фут	145 фут	138 фут	131 фут	119 фут	87 фут	72,5 фут	69 фут	66 фут

Отырғызу тығыздығын тексеруге қажетті отырғызу арақашықтығы									
Отырғызылатын жол ені									
Гектар бөлігі	38 см	46 см	48 см	51 см	56 см	70 см	76 см	91 см	97 см
1/1000	26,24 м	21,88 м	20,72 м	19,68 м	17,90 м	14,29 м	13,12 м	10,94 м	10,36 м
									9,84 м

Келесі бетте жалғасады

0006064,00004D6-KK-23MAY11-1/2

AS4050—UN—11MAR04

AG4888—UN—12JUN09

6. Таңдалған арақашықтықты жалаушалармен (А) белгілеңіз.

ЕСКЕРТУ: Кішкентай тереңдікте артқы дөңгелектерді көтеріп сепкенде дөңдер домалайды немесе секіреді. Дән аралығының дұрыстығы бұзылған.


7. Маркерлер арасындағы дөңдерді (В) санаңыз.

ВАКУУМ ӨЛШЕУІШІ ҮШІН ҒАНА:

Егер параметрлер дұрыс және тығыздық жоғары болса, вакуум деңгейін дұрыс тығыздыққа қол жеткенше 1 дюйм бөлігіне азайтыңыз. Егер нақты тығыздық төмен болса, вакуум деңгейін дұрыс тығыздыққа қол жеткенше жартыдан 1 дюйм қарғуға арттырыңыз.

А—Жалауша

В—Дөңдер



A39155 —UN—13FEB96

OUO6064,00004D6 -KK-23MAY11-2/2

Жалпы

МАҢЫЗДЫ: Машинаның дұрыс жұмыс істеуі үшін машина жақтауының толығымен дұрыс жұмыс істеу күйіне төмендетілген болуы маңызды. Бұл күйге қол жеткізу тіркеме комбинацияларына байланысты қиын болуы мүмкін, әсіресе енуі ауыр топырақ жағдайларында сепкен кезде. Егер бұл жағдай алғаш рет болса, келесі әрекет кепілденген болады:

Тіркеменің төменгі күш деңгейлерін азайтыңыз. Тіркеменің қажет болғаннан артық төменгі күшін пайдалануды болдырмаңыз.

Жағдайлар өзгергенде жақтау балластын қосыңыз. Егер жақтауда орнатылған кескіш пайдаланылса, ол өте маңызды болуы мүмкін.

AG,OUO6074,1609 -KK-07AUG00-1/1

SEEDSTAR™ Біріккен пневматикалық төменгі күш жүйесі

SEEDSTAR™ Біріккен пневматикалық төменгі күш жүйесі себу қатары бөлімдеріне “жылжу кезіндегі” төменгі күш қысымы өзгеруін қамтамасыз етеді. Жүйе ауа сақтау бак(тар)ына қысымдалған ауаны қамту үшін электр ауа компрессорын пайдаланады. Ауа сақтау бактары жылдам қатар бөлімінің төменгі күш өзгерістерін қосымша ауа мөлшерімен қамтамасыз етеді.


SEEDSTAR™ біріккен пневматикалық төменгі күш жүйесімен:

- Механик-жүргізуші трактор кабинасынан “жылжу кезіндегі” төменгі күш қысымы өзгерісін қолмен жасай алады.
- Механик-жүргізуші түрлі топырақ түрлеріне немесе құрғақ жерге қарсы ылғалды топырақтарға төменгі күш қысымын өзгерте алады.

Толық ақпарат алу үшін SeedStar™ 2 және SeedStar™ XP мониторының механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

OUO6064,0000438 -KK-16JUN11-1/1

Pro-Series™ қатар бөліміне арналған жинауыш кеңейтімдері



A—Кеңейтім

Pro-Series қатар бөліміне дән жинауыштарына арналған жинауыш кеңейтімдері қол жетімді. Бұл кеңейтімдер қант қызылшасы сияқты ОӨЖ жүйесінде пайдаланбайтын ұсақ дәндермен пайдалану үшін немесе сынақ дәндерін сепкенде пайдаланылады. Олар ұсақ дәндерге қосымша сыйысымдылықты және дән түрлерін жиі ауыстырғанда жеңілірек

тазалауды қамтамасыз етеді. Жинауыш кеңейтімдері бар жинауышқа сырғиды және жинауыш пен кеңейтім арасында берік мөр құрайды. Бар жинауышқа ең көбі екі кеңейтім орналастырыла алады. ("Pro-Series™ ХР вакуум өлшеуішін орнату" бөліміндегі "ЖИНАУЫШ КЕҢЕЙТІМДЕРІН ОРНАТУ" мақаласын қараңыз.)

OUO6064,000047B -KK-19APR11-1/1

A56609 —UN—27JUN05

SeedStar™ құбылмалы мөлшер жетегі жүйесі

Құбылмалы мөлшер жетегі жүйесі дән өлшеуіштерін жүргізу үшін гидравликалық моторды пайдаланады. Әрбір мотордың жылдамдығы қалағанша трактор кабинасындағы SeedStar™ монитормен пайдаланып өзгертіле алады.

- Механик-жүргізуші түрлі топырақ түрлеріне немесе құрғақ жерге қарсы ылғалды топырақтарға дән тығыздығын үйлестіре алады.
- Көп мөлшер таңдаулары қажетінше бағдарламалануы және қолданылуы мүмкін.

Толық ақпаратты SeedStar™ монитормен механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.

AG,OUO6074,1271 -KK-14APR10-1/1

Қатар бұйрығы тіркемесі

Қатар бұйрығы жүйесі дәннің шығуын, түсімнің жоғалуын азайту және егіннің мүмкіндіктерін жетілдіруді басқару үшін әрбір дән өлшеуішінде электрлік муфтамен біріккен. Жеке өлшеуіштер Қатар

Swath Control Pro – Deere & Company компаниясының сауда белгісі

бұйрығы бөлімдеріне топталған. Қатар бұйрығы бөлімдері қолмен немесе автоматты жұмыс үшін Swath Control Pro™ бірігіп басқарылуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз.


OUC06045,00001A0 -KK-16JUL09-1/1

Жылжымалы қатар доңғалақтары

Жылжымалы қатар доңғалақтары тіркемесі (A) топырақ кесектері немесе қалдықтар салдарынан тасты жағдайларда немесе қатты бетті алқап жағдайларында пайдаланылуы тиіс. Осы жағдайларда жылжымалы қатар доңғалақтары бір қатар доңғалағы қатты бұғаттың үстінен жүргенде қопсытқыштың тік күйде жылжуын азайтады. Қопсытқыштың азайтылған қозғалысы дән тереңдігін басқаруды арттырады.

Жылжу әрекеті өте терең немесе өте таяз сепкенде азаяды.

Жылжымалы қатар доңғалақтары жеңіл топыраққа немесе жақсы өңделген топырақ жағдайларына арналмаған. Осы жағдайларда қатар доңғалақтары бір-біріне қарағанда әртүрлі биіктікте жүруі мүмкін. Бұл дәннің нашар тереңдігіне және су шығуына әсер ететін ықтимал нашар жабу әрекетіне себеп болады.



A—Жылжымалы қатар доңғалақтары тіркемесі

A54018 —UN—08MAR04

OUC06074,00009D9 -KK-08MAR04-1/1

Дән түтіктері

Ірі бүгілген, қалыпты бүгілген, қалыпты тік және кішкене тік дән түтіктері барлық дән өлшеуіш жүйелері үшін қол жетімді.

Ірі бүгілген дән түтіктері асбұршақтарды, ірі жержеңғақтарды және басқа ірі дәндерді себу үшін ұсынылады.

Қалыпты бүгілген дән түтіктері қышқылы алынған мақтаны, жүгеріні, соя бұршақтарын, балжүгеріні, ұсақ асбұршақтарды, қант қызылшасын және басқа ұсақ дәндерді себу үшін ұсынылады.

Қалыпты тік дән түтіктері қалыпты бүгілген дән түтігі себетін дәндерді себеді, бірақ ол дәнді қопсытқышқа жақын салады. Қопсытқыштың артында тез жабылатын жеңіл, құмды топырақтарда немесе ұсақ, жеңіл дәндерді сепкенде ұсынылады.

Кішкене тік дән түтігі балжүгері сияғы ұсақ дәндерге арналған. Кішкене дән түтігі жүргізішімен

A46559 —UN—23AUG00



Дән түтіктері

пайдаланғанда ол жеңіл, бос топырақта жақсырақ тереңдік басқаруын қамтамасыз етеді.

Барлық дән түтіктерінде дән түтігінің жылдам орналасуы үшін арналған біріккен кестелер бар.

Алу үшін Қызмет көрсету және баптау бөліміндегі СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ДӘН ТҮТІКТЕРІН ОРНАТУ НЕМЕСЕ АЛУ немесе ШАЮ БЕТІНІҢ ДӘН ТҮТІКТЕРІН ОРНАТУ ЖӘНЕ АЛУ мақалаларын оқыңыз.

AG,OUC06074,1275 -KK-11MAR10-1/1


Қатты қырғыш

Қатты қырғыш (А) тек ылғалды және жабысқақ топырақ жағдайларында пайдалануға ұсынылады.

Маусымның басында және маусым барысында қырғыш втулкасының тозуын тексеріп отырыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Дисктің тозуын болдырмаңыз. Ылғалды және жабысқақ топырақ жағдайларында тек қана қырғышты пайдаланыңыз. Басқа барлық жағдайларда алыңыз.

А—Қатты қырғыш



A71644 — UN — 26MAY11


OUO6074,00009D8 -KK-26MAY11-1/1

Ауыр режим қырғышы

ЕСКЕРТУ: Ауыр режим қырғыштары сондай-ақ айналмалы қырғыштармен пайдаланылуы мүмкін.

Ауыр режимді қырғыш (А) Tru-Vee™ қопсытқыш жүздерін тазалау үшін өте жабысқақ топырақтарға ұсынылады.

А—Ауыр режим қырғышы




A54020 — UN — 08MAR04

OUO6074,00009DA -KK-30JUN08-1/1

Ауыр режимдегі артқы доңғалақтар

ЕСКЕРТУ: Ауыр режимдегі артқы доңғалақтар дәстүрлі себу жағдайларына ұсынылмайды.

Едәуір қалдықтары бар енуі қиын топырақтарда немесе дән көшеттерінде қалыпты артқы доңғалақтары бар дән жүйектерін толығымен жабу қиын болуы мүмкін. Ауыр режимдегі артқы дөңгелектер құйылған ауыр материалдан жасалған және дән жүйектерін түрлі топырақ жағдайларында тиімдірек жабу үшін қатты қырлары бар.



Ауыр режимдегі артқы доңғалақтар

A47303 — UN — 07APR01

AG,OUO6074,1278 -KK-04AUG00-1/1


Құрылғы орнатылған кескіш

! САҚ БОЛЫҢЫЗ: Аспа құралдың құлауынан жарақаттануды немесе өлімді болдырмаңыз. Көтерілген машинаның астында қандай да бір қызметті немесе баптауларды орындаудың алдында қызметтік құлыптарды орнатыңыз:

Тракторды “Тұрақ” күйіне ауыстырыңыз немесе тұрақ тежеуішін орнатыңыз, моторды өшіріңіз және кілтті шығарыңыз.

! САҚ БОЛЫҢЫЗ: Кескіш жүздері өткір. Жүздерді ұстаған кезде қолғаптарды пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Кескіш жүзінің төменгі ұшы қалыпты жағдайларда дән қопсытқыштарының төменгі ұшынан шамамен 10 мм (3/8 дюйм) жоғары орналасқан. (Машинаны қандай да бір жазықтықта себу күйіне орнатып, осы өлшемді тексеріңіз.) Күш ену үшін қажет және тұрақты дән тереңдігін сақтау көмегі минималды болады.



Кескіш жүзі тозатындықтан, кескіш тереңдігін баптаңыз.

МАҢЫЗДЫ: Ауыр сабандағы нұсқау - кескіш жүзінің төменгі ұшын дән қопсытқыштарының төменгі ұшына орналастыру, бірақ ол дән тереңдігіне әсер етуі мүмкін.

OUO6074,00000B8 -KK-24JUN09-1/3

A44347 —UN—16DEC97

Құрылғы орнатылған кескіш TRU-VEE™ қопсытқышына қатты топырақ жағдайларына енуіне көмек беру үшін және немесе әдетте жүдеу жерді өңдеуде болатын қалдықтарды кесу не жылжыту үшін пайдаланыла алады.


Кескіш жүзінің тереңдігі қопсытқыш қатар доңғалақтарымен, салмақ баптауымен және бұрандамен (A) басқарылады. Жүз тозған кезде бұранданы (A) босатыңыз, тұтқаны келесі ойыққа төмендетіңіз және гайканы бекітіңіз.

Егер топырақтың беті құрғақ, ал асты ылғалды болса және кескіш жүзі қоқысты бетке көтеретін болса, қоқыс қатар доңғалақтарында жиналуы және дән тереңдігін өзгертуі мүмкін. Кескішті ақырындап көтеріңіз, өткірлігі азырақ жүзді пайдаланыңыз немесе осындай топырақ жағдайларында кескішті алыңыз.

Бұл тіркемемен бірге төменгі күш серіппелері ұсынылады.

A—Бұранда

TRU-VEE - Deere & Company компаниясының сауда белгісі



Келесі бетте жалғасады

OUO6074,00000B8 -KK-24JUN09-2/3

A29962 —UN—06OCT88


Жүзді TRU-VEE™ қопсытқышының тура алдында тұратындай және жүру бағытындағы бұрышта жұмыс істемейтіндей етіп баптаңыз.

Жан жағынан тізу үшін бұрандаларды (А) босатыңыз және кескішті сырғытыңыз.

Егер кескіш жүзі жүру бағытынан өзгеше бұрышта жұмыс істесе келесіні орындаңыз:

- Бұрандаларды (А) алыңыз.
- Кескіш құймасының артқы беті мен себу құралының алды арасына қажетінше шайбалар қосыңыз.
- Бұрандаларды (А) қайта орнатыңыз.

А—Бұрандалар



A29975 — UN—06OCT88

TRU-VEE - Deere & Company компаниясының сауда белгісі

OUO6074,00000B8 -KK-24JUN09-3/3

Құрылғы орнатылған қатар тазартқыштары

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жарақат алуды болдырмаңыз. Қатар тазартқышы жүздері өткір. Қызмет көрсетудің алдында машинаны қауіпсіз тіреңіз.

Қатар тазартқышының қызметі - топырақты қозғалтпай қалдықтарды сыпырып тастау.

Жер жағдайлары, тереңдік баптаулары және жердегі жылдамдық тазартылған жолдың еніне әсер етеді.

Қалдықтардың жақсы ағынын сақтау үшін 6,5—9,5 км/сағ (4—6 м/сағ) жеткілікті жылдамдықта жұмыс істеңіз.


Дән қалдықтарының 100% алынуын күтпеңіз. Қалдықтардың толық алынуы қажет емес. Толық алыну топырақтың араласуын қажет етеді және ол ұсынылмайды.

Қатар тазартқыштары топырақ бетінде тиісінше бапталған кезде тазартқыштар айналуының кенет тоқтауына дайын болыңыз.

Қатар тазартқышының дұрыс жұмыс істеуі үшін сепкіш жақтауының биіктігін баптаңыз және сепкішті теңшеңіз (Машинаны дайындау бөлімін қараңыз).

Қатар тазартқышының топырақ емес, қалдықты араластыруы үшін тұтқаны (А) бұрыңыз. Дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз және биіктік дұрысталғанша баптауды жалғастырыңыз. Тереңдік датчигін (В) көріңіз және қалған қатар тазартқыштарында сондай параметрлерді орнатыңыз. Барлық қатар тазартқыштарының дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.

Қатар бөлімінің төменгі күшін қалдық жағдайларына және қалаған дән тереңдігін сақтауға сәйкес баптаңыз.



A64723 — UN—26MAY09

A64724 — UN—26MAY09

А—Тұтқа

В—Тереңдік датчигі

Шамадан тыс тасты жағдайларда жұмыс істеуді болдырмаңыз. Қиындықтарға соқтығу қалған қатар бөлімдерін көтереді және дән тереңдігін өзгертеді.

Қалдықты тазалау үрдісі тым қатты болса, стандартты тісті дөңгелектерді дилерден алуға болады.

NS43404,00001AE -KK-08JUN09-1/1

Құрылғы орнатылған кескішке арналған қатар тазартқышы

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жарақат алуды болдырмаңыз. Қатар тазартқышы жүздері өткір. Қызмет көрсетудің алдында машинаны қауіпсіз тіреңіз.

МАҢЫЗДЫ: Машинаның зақымдалуын болдырмаңыз. Істік (А) кронштейн арқылы (В) тұтқаның (С) астына немесе ішіне орнатылуы тиіс.

МАҢЫЗДЫ: Машинаның зақымдалуын болдырмаңыз. Егер жоғары қатты күйге орнатылған болса, қатар бөлімі қатты беттерде жүрген кезде қатар тазартқышы жақтауға тиюі мүмкін.

Жер жағдайлары, тереңдік баптаулары және жердегі жылдамдық тазартылған жолдың еніне әсер етеді.

Қалдықтардың жақсы ағынын сақтау үшін 6,5—9,5 км/сағ (4—6 м/сағ) жеткілікті жылдамдықта жұмыс істейіз.



Дән қалдықтарының 100% алынуын күтпеңіз. Қалдықтардың толық алынуы қажет емес. Толық алыну топырақтың араласуын қажет етеді және ол ұсынылмайды.

Тазартқыштар топырақ бетінде тиісінше бапталған кезде қатар тазартқыштары айналуының кенет тоқтауына дайын болыңыз.


Қатар бөлімінің төменгі күшін қалдық жағдайларына және қалаған дән тереңдігін сақтауға сәйкес баптаңыз.

Қатар тазартқышының дұрыс жұмыс істеуі үшін сепкіш жақтауының биіктігін баптаңыз және сепкішті теңшеңіз (Машинаны дайындау бөлімін қараңыз).

Қалдықты тазалау үрдісі тым қатты болса, стандартты тісті дөңгелектерді дилерден алуға болады.



Қалқу күйінің мөлдірлігі (Мысал)



Қатты күйдің мөлдірлігі (Мысал)

А—Істік
В—Орнату кронштейні

С—Қатар тазартқышы тұтқасы

Қалқу әрекеті	Қатты басқару	Кескішсіз жұмыс істеу
Істікті (А) кронштейн (В) арқылы, жүздер топыраққа емес, қалдықтарға тиетіндей етіп мүмкіндікше ең төмен тесікке орналастырыңыз. Істікті тұтқа (С) істіктің үстінде жүретіндей етіп және бөгеттердің үстінен жоғарыға қалқитындай етіп орнатыңыз. Дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз және биіктік дұрысталғанша баптауды жалғастырыңыз. Пайдаланылған тесікті байқаңыз және қалған қатар тазартқыштарын сондай күйге орнатыңыз. Барлық қатар тазартқыштарының дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.	МАҢЫЗДЫ: Зақымдалуды болдырмаңыз. Өте қатты алқап жағдайларында ең жоғары күйлерге орнатпаңыз. Қатты енгізілген кезде қиындықтарға соқтығу қалған қатар бөлімдерін көтереді және дән тереңдігін өзгертеді. Қатты жұмысты тек қажет кезде пайдаланыңыз. Егер қалдық тым ауыр және қатар тазартқыштары қалдықтан жоғары қалқыған жағдайда қатты жұмыс үшін істікті (А) кронштейн (В) және тұтқа (С) арқылы орналастырыңыз. Жүздерді топырақ бетінен жоғары болатындай етіп баптаңыз. Дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз және биіктік дұрысталғанша баптауды жалғастырыңыз. Пайдаланылған тесікті байқаңыз және қалған қатар тазартқыштарын сондай күйге орнатыңыз. Барлық қатар тазартқыштарының дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.	Егер топырақтың беті құрғақ, ал асты ылғалды болса және кескіш жүзі қоқысты бетке көтеретін болса, қоқыс қатар доңғалақтарында жиналуы және дән тереңдігін өзгертуі мүмкін. Кескішті ақырындап көтеріңіз, өткірлігі азырақ жүзді пайдаланыңыз немесе осындай топырақ жағдайларында кескішті алыңыз. Егер кескіш жүзі алынған болса, қатар тазартқышы дөңгелектерін сатылы бағытқа қайта орналастырыңыз. Сепкіштің оң жағында оң жақ дөңгелекті және қырғышты тесіктердің алдыңғы жинағына орнатыңыз. Сепкіштің сол жағында сол жақ дөңгелекті және қырғышты тесіктердің алдыңғы жинағына орнатыңыз. Егер кескіш қайта орнатылған болса, қатар тазартқышы дөңгелектерін және қырғыштарды арты тесіктерге қайтарыңыз.


Балласт тіркемесі

Маркерлердің орнында орналасқан балластты орнату кронштейні (А) трактор салмақтарын тартады.

Қатты жер жағдайларында қатар бөлімінің дұрыс енуі үшін кронштейндегі салмақтарды қажет етілгендей орналастырыңыз.

ЕСКЕРТУ: Балласт кронштейніндегі салмақтардың толық жиыны көтерілген күйдегі маркердің салмағына тең болады.

А—Кронштейн



A68036—UN—02JUL10

OUC6064,00001F8 -KK-13JUL10-1/1

Таратылым

John Deere™ сұйық тыңайтқыш жүйесі құбыр(лар)ды және түрлі өлшемдегі жолақтағы саңылауларды өнімді түрлі тіркеме мөлшерлеріне бірқалыпты тарату үшін құбырды пайдаланады. Машиналарда жақтауда орнатылған құбыр(лар) бар. Жүйе барлық John Deere™ тыңайтқыш қопсытқыштарымен пайдаланылады.

Жүйе қысымын сақтау үшін тыңайтқыш жүйесі бір қатарлы өлшеуіш саңылауларын әр қатарда пайдаланады. Тыңайтқыштың бірқалыпты таратуына көз жеткізу үшін қысым ауқымының 103 кПа (1,0 бар) (15 фунт/дюйм²) төменгі ұшы сақталуы тиіс. Ауқымның 689 кПа (6,9 бар) (100 фунт/дюйм²) жоғарғы ұшын асырмаңыз. Сорап параметрі және саңылау ауқымдарды ауыстырған кезде бапталады. Қолдану мөлшерін орнату үшін, мөлшер кестесіне қараңыз, содан кейін сорапты қажетті параметрге баптаңыз және ұсынылған саңылауларды орнатыңыз. Қалаған себу жылдамдығымен жүргізу кезінде жүйе қысымы 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм²) аралығында екеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ: Сепкіш құралының жүру жылдамдығы артқанда, тыңайтқыш жүйесі қысымы да артады.

Жеткізу шлангысы әрбір қопсытқыштың жанында тексеру клапанымен жабдықталған. Минималды 14 кПа (0,1 бар) (2 фунт/дюйм²) қысымы тыңайтқыштың қопсытқышқа жеткізілуінен бұрын берілуі тиіс.



A72071 —UN—18JUL11

Тыңайтқыш жүйесін толтыру ең үздік өнімділікке қол жеткізу үшін өте маңызды, әсіресе төмен қысым мөлшерлерінде. (Осы бөлімдегі **ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ СОРАПТЫ АЛҒАШ РЕТ ҚОСУ** мақаласын қараңыз.) Тыңайтқыш шлангтарындағы шатасуларды, қысылуларды немесе үшкір бүгілістерді жойыңыз. Қандай да бір тыйым тыңайтқыштың сол қопсытқышқа ағынын төмендетеді.

МАҢЫЗДЫ: Жүйе қысымын бақылау үшін сұйық тыңайтқыш жүйелері көрсеткіш немесе датчикпен жабдықталуы тиіс. SeedStar™ жабдықталған сепкіштері тыңайтыш қысымын мониторда көрсетеді.

OUC6064,0000563 -KK-13MAR12-1/2

Сұйық тыңайтқыш қысымы датчигінің үстінде желдеткіш ретінде пайдаланылатын кішкентай клапан (А) бар. Егер датчик көлденең орнатылған болса клапанды аударып ашыңыз. Егер датчик тік орнатылған болса клапанды аударып жабыңыз. Бұл көлденең орнатылған кезде датчиктен глицериннің ағуын болдырмайды.

Қысым датчигі жиынтығы піспек сорабының тыңайтқыш жүйелері үшін қол жетімді. (Қосымша ақпарат алу үшін John Deere™ дилеріне хабарласыңыз.)

МАҢЫЗДЫ: Сораптың зақымдалуын болдырмаңыз. Тыңайтқыш жүйесі пайдаланылмаған кезде жетек шынжырын піспек сорабынан алыңыз.

А—Клапан



A49307 —UN—22MAY02

Сұйық тыңайтқыш қысымы датчигі

OUC6064,0000563 -KK-13MAR12-2/2

Сорапты толтыру және алғашқы рет қосу

МАҢЫЗДЫ: Сораптың зақымдалуын болдырмаңыз. Желдету қақпағын (А) сораптың картеріне орнатыңыз. Егер сорап машинадан алынған болса, сораптың картеріндегі қатты қақпақты алыңыз және оның орнына желдету қақпағын орнатыңыз.


Майдың АЗ мөлшерінің төгу тесігінен (В) ағуы қалыпты болып саналады. Төгу тесігі ашық қалуы тиіс. Әрбір маусымның басында тексеріңіз. Майлау фитингіндегі (С) тым көп май төгу тесігінің бітелуі немесе май ағу ықтималдығын арттырады.

Толтырмастан бұрын тыңайтқыштың тарату жүйесін тексеріңіз. Сүзгіш экранының таза болғандығын және сораптың сору желісінде ағулардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Қысылған, бүгілген немесе басқаша бұғатталған шлангтардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Шланг жолында өте жоғары немесе төмен өзгерістердің жоқтығына көз жеткізіңіз. Барлық саңылаулардың қоқыстары мен бітеліп қалуын тексеріңіз. Барлық 14 кПа (0,1 бар) (2 фунт/дюйм²) тексеру клапандары қоқыстан және бұғаталудан таза екендігіне көз жеткізіңіз.

1. Бақтағы және сүзгіштегі өшіру клапанын ашыңыз.
2. Бакты минималды 75 л (20 гал.) толтырыңыз және жүйенің ағатын жерін тексеріңіз

МАҢЫЗДЫ: Тым қатты жүйе қысымынан абай болыңыз. Қаптама немесе түтікше өлшемдері үшін ұсынылған максималды жылдамдықтан асырмаңыз.

3. Мөлшер кестесін қараңыз және орнатылған жолақтағы қаптама немесе түтікше үшін сорапты максималды мөлшерге орнатыңыз.
4. Машинаны себу күйіне төмендетіңіз және 9,7 км/сағ (6 миль/сағ).себу жылдамдығында 90 метр (100 ярд) жүріңіз.
5. Машинаны көтеріп, тыңайтқыш сорабының жетек доңғалағын қолмен қосыңыз.



A80524 — UN—27JUL07

А—Желдету қақпағы
В—Төгу тесігі

С—Майлау фитингі
D—Майды тексеру және қақпақты толтыру

6. Барлық қатарлардағы қопсытқыш түтіктерінен біркелкі ағында сұйықтық ағуын тексеріңіз. 2—5 қадамдарын біркелкі сұйықтық ағыны барлық қопсытқыштарда байқалса және бүкіл ауа тарату шлангтарынан шайылғанша қайталаңыз.
7. Мөлшер кестесінен мақсатты тыңайтқыш мөлшерін таңдаңыз. Сорап ауқымын және таңдалған тыңайтқыш мөлшері үшін жолақтағы қаптамалар немесе түтікшелерді орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ: Жүргізу жылдамдығы жоғарылаған сайын тыңайтқыш жүйесінің қысымы да жоғарылайды.

8. Қалаған себу жылдамдығымен жүргізу кезінде жүйе қысымы 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм²) аралығында екеніне көз жеткізіңіз.
9. Машина ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз тұрса, ауа көпіршіктері көбейіп, тарату шлангтарында тұрып қалуы мүмкін. Жүйені қажетінше толтырыңыз.

OUC06064.0000564 -KK-09MAY12-1/1


John Blue™, бекітілген деңгейлі сорап параметрінің нөмірін орнату

МАҢЫЗДЫ: Сораптың зақымдалуын болдырмаңыз. Тыңайтқыш жүйесі пайдаланылмаған кезде жетек шынжырын піспек сорабынан алыңыз.

1. Мөлшер кестесін Сорап параметрінің нөмірін қалаған енгізу мөлшері үшін анықтауға пайдаланыңыз.
2. Тістерді шкала сақинасымен тізіп (C), баптау құралын (A) сорап істігіне (B) орнатыңыз.
3. Гайканы (D) босатыңыз және шкала сақинасын көрсеткі (E) датчиктегі (F) сорап параметрінің нөмірімен тізілгенше айналдырыңыз. Гайкаларды техникалық сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Сипаттама

Гайка—Айналдыру
моменті..... 25 Н·м
(18 фунт-фут)



A—Баптау құралы
B—Істік
C—Шкала сақинасы

D—Гайка
E—Мөңзер
F—Датчик

4. Баптау құралын сорапты орнату кронштейнінде орналасқан істікте сақтаңыз.


OUC6064,00006F1 -KK-17JAN12-1/1

A35432 —UN—21DEC92

Сүзгіш ұсыныстары

МАҢЫЗДЫ: Піспек сорабының зақымдалуын болдырмаңыз. Ұсынылған сақтау үрдістерін көру үшін Сақтау бөлімін қараңыз.

МАҢЫЗДЫ: Ластануды болдырмау үшін барлық беру бактарын сүзгіштермен жабдықтаңыз.



A—Тор

Сүзгіш (A) құбырдың, түтікшелердің және қаптамалардың бұғатталуын болдырмайды. Сондай-ақ ол піспек сорабының, құбырдың және тексеру клапандарының зақымдалуын болдырмайды. 80 ұялы негізгі сүзгіш ұсынылады. Сүзгішті бастапқы іске қосудан кейін күнделікті және одан кейін қажетінше тексеріп, тазалаңыз.

Қысым датчигінің жоғары қысымды көрсетуі бұғатталуды білдіреді. Бұғатталу қопсытқыштарға үйлеспейтін жеткізуге себеп болады.

Егер қатты құрамы бар тыңайтқыш 80 ұялы сүзгішті жиі бітейтін болса, азырақ шектелген 50 ұялы сүзгіш қол жетімді, бірақ бір қатарлы саңылауларда жиі болатын кедергілерге алып келеді. John Deere дилерімен хабарласыңыз.

OUC6064,000076F -KK-13MAR12-1/1

A36889 —UN—10APR95

Сұйық тыңайтқыштың мөлшер кестелерін пайдалану

МАҢЫЗДЫ: Енгізу ауқымын мақұлдау үшін алқапты тексеру орындалған болуы қажет. (Осы бөлімдегі **ТЫҢАЙТҚЫШ МӨЛШЕРЛЕРІН ТЕКСЕРУ** мақаласын қараңыз.)

Бұл жүйе аспа тыңайтқыштарымен пайдалану үшін ҰСЫНЫЛМАЙДЫ.

ЕСКЕРТУ: Құрылғы орнатылған жалғыз дискті қопсытқыш 2,5-нөмірлі түтікшелермен жабдықталған болып келеді. 5-нөмірлі түтікшелер де берілген. Басқа өлшемдер қызметтік бөлшектер арқылы алынуы тиіс. John Deere дилерімен хабарласыңыз.

1. Машинада орнатылған тыңайтқыш қопсытқышқа арналған мөлшер кестесін қараңыз және себілген

қатар еніне қажетті шамалас қолдану мөлшерін таңдаңыз.

2. Сорап ауқымы Сұйық тыңайтқыш енгізу ауқымдары кестесінің жоғарысында берілген.
3. Сорап жетегінің ауқымын орнату.
4. Шамалас қолдану мөлшері таңдалғаннан кейін, сорап параметріне және жүру жылдамдығына назар аударыңыз.
5. Сорапты сорап параметрі нөміріне сай баптаңыз.
6. Ұсынылған бір қатарлы саңылау немесе түтікшені орнатыңыз (мөлшер кестесіндегі мөлшер қасында көрсетілген).

OUO6064,0000610 -KK-24OCT11-1/1


Енгізу құралы жоқ (жақтау мен құрылғы орналасқан) қопсытқыштарға арналған сұйық тыңайтқыш мөлшері кестелері

Бір қатарлы саңылау өлшемі бойынша ұсыныстар кестесіне (A) жүру жылдамдығы, сыртқы температура және пайдаланылған өнім кіретін көптеген факторлар әсер етеді. Мұндағы мақсат жүйе қысымын 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм²) аралығында сақтау. **689 кПа (6,9 бар) (100 фунт/дюйм²) мөлшерінен асырмаңыз.**

ЕСКЕРТУ: Қолдану мөлшерін (гал/акр) өзгерту үшін - сорап параметрін өзгертіңіз.

Өлшеуіште дән жоқ.	Ауа көлемі тым аз.	Бак қысымының ұсынылған қысымға орнатылғанына көз жеткізіңіз.
	Ауа шлангысы бітелген.	Өлшеуішті тартпаның көмегімен тазалаңыз. Дән дискісін қайта орнатыңыз және вакуум қалпағын жабыңыз. ОӨЖ желдеткішін іске қосыңыз да, шлангты өлшеуіш қасында жақсылап шайқаңыз. Шлангты қоймаға жақындатып шайқауды жалғастырыңыз. Қажет болса, дәнді оңайырақ шығару үшін бак қысымын арттырыңыз. Егер өлшеуіш дәнге толып кетсе, үрдісті шлангта дән қалмағанша қайталаңыз.

Белгі	Ақаулық	Шешім
		Бак қақпақтарының екеуі де жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
	Түтікше бак ішінде бұғатталған.	Тұрақ тежеуіштері қосулы, трансмиссия тұрақта және трактор өшірулі күйде сыртқы ауа шлангысын қоймадан алыңыз. Бөгеуілдердің жоқтығын тексеріңіз, табылса алып тастаңыз.
	Дән қойма түтікшелеріне тығыздатылған.	Тракторды өшіріңіз, тұрақ тежеуішін қосыңыз және сыртқы жеткізу шлангысын ОӨЖ бағынан алыңыз (тік тартыңыз—бұрамаңыз). Түтікшедегі дәннің бітеуін босатыңыз немесе алыңыз. Сепкіш төмендетілген кезде және ОӨЖ бағында дән бар күйде бірнеше минуттан артық тұрса, тракторды өшіріңіз және кілтті шығарыңыз. Сепкіш төмендетулі, кілт қосулы тұрғанда араластырғыштар іске қосылады және дәннің түтікшелерге жиналуына әкеліп соғуы мүмкін.
	Жоғары ылғалдылық.	Көбірек талькті пайдаланыңыз және жақсылап араластырыңыз немесе құрғақ жағдай орнамағанша күтіңіз.
	ОӨЖ бак қақпағы ашық.	Қақпақты жабыңыз.
	Бак түбіндегі тазалау есіктері ашық немесе одан ауа шығып тұр.	Есіктерді жабыңыз.
	Кіші сепкіштегі шығару бүгілмелі құбыры бітелген.	Қосқышты тазалаңыз да, ОӨЖ қоймасының қысымын арттырыңыз.
		Пайдаланылған дәнге қажет болса, 36 қатарлы немесе үлкенірек машиналарда сұр шығару бүгілмелі құбырларының дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз. Pro-Series XP орталық өнім жүйесі бөліміндегі ОӨЖ ЖҮЙЕСІН СТАНДАРТТЫ ӨЛШЕМДІ ДӨНДЕРДІ СЕБУ КЕЗІНДЕ БАСҚАРУ мақаласын оқыңыз.
	ОӨЖ қоймасында дән қоқысталған.	Араластырғыш іске қосылғанын тексеріңіз. Сақтандырғышты, қуат қосқышын және жер қақпағын тексеріңіз. Pro-Series XP Орталық өнім жүйесі бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.

Белгі	Ақаулық	Шешім
Тұқымның зақымы.		ОӨЖ багының қысымын арттырыңыз.
		John Deere талык майлағышын қосып, дәнмен жақсылап араластырыңыз.
	ОӨЖ бактары бос.	ОӨЖ бактарын толтырыңыз.
	Түтікше ендірмелері орнатылған.	Түтікшені басқа дәндерді себу кезінде алыңыз.
	Ауа көлемі тым көп.	ОӨЖ қоймасының қысымын азайтыңыз.
Жеке жолақтар шамадан тыс қаныққан.		Талык қосыңыз.
	Ескі, құрғақ дәндер.	Жаңадан алынған тұқымдарды пайдаланыңыз.
	ОӨЖ қоймалары бос күйде іске қосылуда.	ОӨЖ қоймаларындағы дәнді үлестіріңіз немесе оларды толтырыңыз.
	Өлшеуіштің вакуум деңгейі тым жоғары.	Вакуум деңгейін азайтыңыз.
	Вакуум сепкішінің науасы бітелген.	Науаны тазалаңыз.
Біркелкі емес немесе дәл емес өлшеу немесе өнімді жеткізу.	Шығару бүгілмелі құбырының науасы бітелген.	Иіндегі науа саңылауларын тазалаңыз.
	Дәл жеткізу үшін өнім деңгейі тым төмен.	ОӨЖ багының қысымын арттырыңыз.
	Өнім жолдарын бөгде заттар бұғаттауда.	Бұғаттауын алыңыз. Pro-Series XP Орталық өнім жүйесі бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.
	Жинауыш экраны бітелген.	Экранды алыңыз және тазаланбағанша соғыңыз.
	Дәнде кесектер бар.	Таза дәнді пайдаланыңыз. Бактарды толтырғанда экрандарды пайдаланыңыз.
	Бактағы дән қоқысталған.	Pro-Series XP Орталық өнім жүйесі бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.
		ОӨЖ багының қысымын арттырыңыз.

Белгі	Ақаулық	Шешім
		John Deere талық майлағышын қосып, дәнмен жақсылап араластырыңыз.
	Өлшеуіштегі резеңке жапқыш корпустағы дән түтігінің саңылауын жаппайды.	Өлшеуіш орнатылған кезде тегіс қатар бөліміне отырғызу үшін резеңке жапқышты сәйкестендіріңіз.
Дән ағымы жоқ.	Дәнді жеткізу шлангысы бітелген.	Дән сепкіші орнатылмаған күйде машинаны үздіксіз көтеріп түсірмеңіз. Pro-Series XP Орталық өнім жүйесі бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.
		Машинаны барлық өлшеуіштерде дән болмайтын жағдайда жұмыс істетпеңіз, дән шлангтары дән бар қатарларда бітеледі. Pro-Series XP Орталық өнім жүйесі бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.
		ОӨЖ желдеткішінің қысымын ұсынылған деңгейге дейін баптаңыз.
	Гидравликалық майы суық.	ОӨЖ желдеткішін себудің алдында 10 минут бойы майды қыздырудан бұрын жұмыс істетіңіз. Бак қысымын орнатыңыз.
ОӨЖ желдеткішінде кернеу көбейіп қалды.	Ағымды басқару клапаны бүлінген.	Клапанды ауыстырыңыз.
ОӨЖ желдеткіші алқап үстімен жүру кезінде қосылып өшіріледі.	Жақтау биіктігі тым жоғары болып, желдеткіш қосқышын қатар бөлімін сол жақ негізгі жақтау доңғалқтарының ашық және жабық күйлері арасында ауыстырылып қосылады.	Жақтау биіктігін баптаңыз.
		Қатар бөлімінің желдеткіш қосқышы бапталмаған.
Машина баяу көтеріледі.	ОӨЖ желдеткіші көтеру кезінде іске қосылады.	Қатар бөлімінің қосқышы жұмыс істемейді.
ОӨЖ дәнді жеткізу ағымы төмен.	Дән шлангысы қысылып қалған.	Шлангты түзетіңіз немесе жөндеңіз. Шлангтарды мүмкіндігіңізше көлденең күйде ұстаңыз.
	Сырт материалы шлангта немесе құбырда бітелген.	Pro-Series XP Орталық өнім жүйесі бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.
	Бак қысымы дұрыс емес.	Қақпақтарды орнатыңыз.

WP29706.000037F -KK-30MAY12-5/5

Белгі	Ақаулық	Шешім
ОӨЖ бағының төменгі ескерту шамы жұмыс істемейді.	Бак деңгейінің датчигі кірленген.	ТБК ағынын қайта баптаңыз. ОӨЖ қойма қысымын 2 дюйм арттырыңыз.
	Бактың төменгі ескерту шамы жанып кетті.	Датчик шам-диод дисплейін щеткамен тазалаңыз. Тексеру үшін барлық бактың деңгей датчиктерінің сым қосқыштарын ажыратыңыз. Егер шам қосылмаса, жақтаудың басқару механизмінің ішіндегі шамды ауыстырыңыз.

WP29706,000037F -KK-30MAY12-6/5

Сұйық тыңайтқыш жүйесі

Белгі	Ақаулық	Шешім
Тыңайтқыш ағымы төмен немесе тоқтап қалған.	Бітелген бір қатарлы саңылау немесе түтікше.	Бір қатарлы саңылау немесе түтікшелерді тазалаңыз немесе бір қатарлы саңылау көлемін немесе түтікше көлемін әр мөлшер кестесі бойынша ұлғайтыңыз.
	Жетек шинасы қатты сырғиды	Қатар бөлімінің төменгі күшін азайтыңыз. Жетекте түзетілмеушілік не бітелу бар екендігін тексеріңіз.
	Тор бітелген.	Торды тазалаңыз.
	Қанаттардағы немесе жолақтағы жеткізу шлангысы оралып қалған.	Қысылып қалған шлангты түзетіңіз немесе ауыстырыңыз.
	Жетек шинасы немесе байланыс шинасының қысымы төмен.	Тиісті қысымға дейін үрлеңіз.
	14 кПа (0,1 бар) (2 фунт/дюйм ²) тексеру клапандары лас немесе бітеліп қалған.	Тексеру клапандарын тексеріңіз. Қажет болса, тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.
Тыңайтқыш деңгейі жолақтан жолаққа қарай өзгеріп отыруда.	Жүйе қысымы өте төмен.	Жүйе 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм ²) аралығында екенін тексеріңіз. Егер төмен болса, содан кейін кішірек бір қатарлы саңылауларды орнатыңыз немесе жүру жылдамдығын көбейтіңіз.
	Шлангты бағыттау дұрыс емес.	Тыңайтқышты тарату шлангісінің бағытталуында үлкен дөңдер немесе алаптар жоқ екендігін тексеріңіз.
	Жүйе дұрыс толмаған.	Жүйені толтырыңыз және тарату шлангтеріндегі барлық ауа тазаланғандығына көз жеткізіңіз.
	Кейбір тыңайтқыш шлангтары қысылып қалған.	Қысылып қалған шлангтарды түзетіңіз немесе ауыстырыңыз.
	Бір қатарлы саңылаулар мен түтікшелердің әр түрлі өлшемдері әр қатарға орнатылған.	Барлық бір қатарлы саңылаулар немесе түтікшелер бірдей өлшемде екендігін тексеріңіз.
	Қысымның бапталуы дұрыс емес.	Қопсытқышта төмен күш мөлшерін арттырыңыз. Қопсытқыштың терекдік параметрін төмендетіңіз.
Тыңайтқыш қопсытқышы жеткілікті мөлшерде енбейді.		Ауыр серіппені орнатыңыз.

Белгі	Ақаулық	Шешім
Тыңайтқыш қопсытқышы тым терең енуде.	Қысымның бапталуы дұрыс емес.	Қопсытқышта төмен күш мөлшерін азайтыңыз. Қопсытқыштың тереңдік параметрін көтеріңіз.
		Жеңіл серіппені орнатыңыз.
Бір тыңайтқыш қопсытқышы тыңайтқышты таратпайды.	Тексеру клапаны бүлінген немесе дұрыс бағытта орнатылмаған.	Тексеру клапанын ауыстырыңыз немесе қайта жинаңыз.
	Тыңайтқыш түтігіндегі қопсытқыш шүмегі бітелген.	Тексеріңіз, тазалаңыз және бітеуді алыңыз.
Тыңайтқыш жүйесі ағындары.	Құбыр қысымы тым төмен.	Қысымды 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм ²) дейін арттыру үшін кіші жолатағы саңылауларды немесе түтікшелерді пайдаланыңыз.
	Жетек шинасы немесе байланыс шинасының қысымы төмен.	Тиісті қысымға дейін үрлеңіз.
	Тарату шлангысы қысылып, опсытқышқа ағымның жетуін болдырмайды.	Шлангты қайта бағыттаңыз.
	Жоғары жүйе қысымы.	Жүйе қысымы 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм ²) аралығында екенін тексеріңіз. Егер жоғары болса, содан кейін жолдағы жылдамдықты азайтыңыз немесе бір қатарлы саңылау өлшемін арттырыңыз.
	Түтік толығымен ішке итерілмеген.	Түтікті ол толығымен енгізілетіндей етіп муфта ішіне итеріңіз.
	Түтік тік кесілмеген немесе үңгіленбеген.	Түтікті алыңыз, тік етіп кесіңіз және муфта ішіне қайта енгізу алдында үңгілеңіз.
	Бір қатарлы саңылаудың сыртқы беті сыдырылған.	Бір қатарлы саңылауды ауыстырыңыз.
	О тәрізді сақина зақымдалған немесе муфта ішінде жоғалған.	Муфтаны ауыстырыңыз.

OUO6064,000057A -KK-31OCT11-2/2

Сұйық тыңайтқыш—Піспек сорабы жүйесі

Белгі	Ақаулық	Шешім
Сорапты толтыру қиын.	Сору шлангтарында ауа шығады.	Құбырда ағылуларды тексеріңіз. Қажет жерлерде бекемдеп, тығыздатыңыз.
	Арнайы фитингтің тексеру клапанын ашыңыз.	Жүйені дайындау бөліміндегі СОРАПТЫҢ БАСТАПҚЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ ҚОСЫЛУЫ мақаласын қараңыз.
Сорап толтырылмайды.	Тор бітелген.	Торды тазалаңыз.
	Сорап мөлшері тым төмен орнатылған.	Сорапты мөлшер кестесіне сай орнатыңыз.
	Сорап клапандары кірленген.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	Орам тозып кетті.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
Сорап өлшеуіші төмен.	Сору шлангтарында ауа шығады.	Құбырда ағылуларды тексеріңіз. Қажет жерлерде бекемдеп, тығыздатыңыз.
	Арнайы фитингтің тексеру клапанын ашыңыз.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	Тор бітелген.	Торды тазалаңыз.
	Сорап мөлшері тым төмен орнатылған.	Сорапты мөлшер кестесіне сай орнатыңыз.
	Сорап клапандары кірленген.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	Сорап жетегі ауқымы дұрыс орнатылмаған.	Жетекті мөлшер кестесіне сай орнатыңыз.
	Клапан серіппесі сынып қалған.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	Сорап мөлшері өте жоғары орнатылған.	Сорап санын мөлшер кестесіне сай таңдаңыз немесе төмен жетек доңғалағы сырғанағанша жоғары орнатыңыз.
Сорап өлшеуіші жоғары.	Сорап жетегі ауқымы дұрыс орнатылмаған.	Жетекті мөлшер кестесіне сай орнатыңыз.
	Клапан бітегіші ашық.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.

Белгі	Ақаулық	Шешім
	Клапан серіппесі сынып қалған.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	Клапан астында кір бар.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
Сорап тоқтатылған кезде тыңайтқыш ағылады.	Клапан бітегіші ашық.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	Клапан серіппесі сынып қалған.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
Сорап пен картер арасында ағылулар бар.	Стержень жинағы тозып кетті.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
Сорап шамадан тыс көп майды пайдалануда.	Май тығыздатқыштары тозып кетті.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
	О-тәрізді сақиналар ағылып кетті.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
Сораптың шулы жұмысы.	Сорап құрамдастары тозып кетті.	John Deere дилерімен хабарласыңыз.
Машина тоқтаған кезде тыңайтқыш қопсытқышқа ағып кетті.	Тексеру клапаны дұрыс жұмыс істемейде.	Тексеру клапанын жөндеңіз немесе ауыстырыңыз.
Негізгі сүзгі экраны жиі толады.	Негізгі сүзгі ұясы тым жұқа.	Жылжымалы електерді пайдаланыңыз. "Жүйеге шолу" бөліміндегі "СҮЗГІШ ҰСЫНЫСТАРЫ" мақаласын қараңыз.
	Тыңайтқыш ластанған немесе кристалданған.	Жұқа ұялы сүзгішті беру бағына орнатыңыз.
Сұйық тыңайтқыш бағы толмаған.	Тамшылау желісі немесе фитинг бітелген.	⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жеке жарақат алуға жол бермеңіз. Жүйе қысым астында болса, қызмет көрсетпеңіз. Қысымды бак қақпағы серіппесінің жүктелген желдету саңылауы арқылы шығарыңыз. Жүйе қысым астында болса, қақпақты алмаңыз. Тазалаңыз. Қызмет көрсету және баптаулар бөліміндегі СҰЙЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШ БАҒЫНЫҢ ҚАҚПАҚ ФИТИНГІЛЕРІ МЕН ТАМШЫЛАУ ЖЕЛІСІНІҢ ШЛАНГІЛЕРІН ТАЗАЛАУ мақаласын қараңыз.

Белгі	Ақаулық	Шешім
Тыңайтқыш құбыры тербеледі немесе дірілдейді.	Дұрыс емес бір қатарлы саңылау немесе түтікше қолданылған.	Дұрыс бір қатарлы саңылау немесе түтікшені орнатыңыз. 103—621 кПа (1,0—6,2 бар) (15—90 фунт/дюйм ²) арасында екеніне көз жеткізу үшін датчикті монитор жүйесінің қысымына орнатыңыз. Егер жоғары болса, үлкенірек бір қатарлы саңылауды қолданыңыз немесе жүру жылдамдығын азайтыңыз.
	Негізгі қатар торы бітелген.	Торды тазалаңыз. Торды беру бағына орнатыңыз.
Машина тоқтаған кезде тыңайтқыш қопсытқышқа ағып кетті.	14 кПа (0,1 бар) (2 фунт/дюйм ²) тексеру клапанының науасы ашық немесе ағып жатыр.	Тексеру клапанын тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.


OUO6064,000057B -KK-13MAR12-3/3

Қызмет көрсету аралықтары

Қызмет көрсету	Аралықтар						
	Қажет болғанда	Маусымның басы	10 сағат немесе күн сайын	50 сағат	100 сағат	200 сағат	Маусымның соңы
ОӨЖ бак деңгейінің датчиктерін тазалау	•						
ОӨЖ желдеткішінің қысым датчигін нөлдеу	•						
Вакуум датчиктерін нөлге ысыру	•						
Pro-сериялы қатар бөлімінің жинауыш экранын тазалау	•						
Тазарту бетінің дән түтіктерін орнатыңыз және алыңыз	•						
Дән түтігінің датчигін тазалау	•						
Вакуум құбыры жүйесін тазалау	•			•			
Жаңа вакуум тығыздатқышын орнату	•						
Дән қопсытқышының жүздерін және дән түтігінің қорғанышын ауыстыру	•						
Дән қопсытқышының жүздерін тексеру және баптау	•						
Қатар доңғалақтарын баптау	•						
ОӨЖ қатар бөлімінің желдеткіш қосқышын орнату	•						
Инсектицид немесе гербицид өлшеуіштерін калибрлеу	•						
Кептелген және бұғатталған ОӨЖ жүйесі	•						
Row Command™ жетекші шынжырларын және жұлдызшаларын тексеру					•		
Гидравликалық компрессор майын ауыстыру ^a		•					
Кескішке техникалық қызмет көрсету	•	•			•	•	
Гидравликалық ауа компрессорындағы май деңгейін тексеру			•				
Вакуум моторын тексеру			•				
Тасушы бағының торын тазалау			•				
Доңғалақ болттарын бекемдеу				•			
ОӨЖ желдеткішінің датчик сүзгіші							•
Pro-сериялы өлшеуіш ысырмасын бекіту		•					•
Pro-Series XP Вакуум өлшеуішін тексеру және қызмет көрсету							•
ОӨЖ желдеткішіндегі май қоймасын төгу							•

^aКомпрессор сорғысының майын алғашқы 20 сағаттық жұмыстан кейін, одан соң маусым сайын ауыстырыңыз. WP29706,00002B4 -KK-11MAY12-1/1

Компрессор қуат сымында реле және сақтандырғыштың орналасуы



Компрессор қуат сымы

A—Компрессордың батарея
сымы
B—40A релесі
C—Батарея клеммасы (+)
D—Батарея клеммасы (-)

E—40A сақтандырғышы
F—Қолайлы (4 істікті)
G—Жалғастырғыш қосқышы
H—AMS және компрессор қуат
сымы

I— Қолайлы (4 істікті)
J— CIS сымы (Жабдықталған
болса)
K—Қолайлы айыр 2
L— Қосқыш қорабы

M—Аяқ қосқышы
N—Қолайлы айыр 1
O—Қолайлы (9 істікті)


AMS және компрессор қуат сымы қуатты трактордан пневматикалық төменгі күш компрессорына және AMS функциясына тұтынады (мысалға GreenStar мөлшер контроллері және iGuide).

Төмендегі суреттер сақтандырғыш және реленің орындарын көрсетеді.

Келесі бетте жалғасады


WP29706,0000380 -KK-30MAY12-1/2

A68115 —UN—19JUL10




A68180 —UN—15JUL10

Реле, Төрт доңғалақ жетекті трактор




A68181 —UN—15JUL10

Реле, Қатарды жинау тракторы



A68182 —UN—15JUL10

Сақтандырғыш, Төрт доңғалақ жетекті трактор



A68183 —UN—15JUL10

Сақтандырғыш, Қатарды жинау тракторы

A—Реле

B—Сақтандырғыш

WP29706,0000380 -KK-30MAY12-2/2

Қауіпсіз қызмет көрсету үрдістерін пайдалану

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Күтпеген жылжудан болатын Сіздің немесе басқалардың ауыр жарақат алуын немесе өлімін болдырмау үшін машинаны тек тегіс бетте ғана жөндеңіз. Машинаны жерге түсіріңіз немесе жөндеудің алдында көтерілген машинаны мықтап құлыптаңыз не бұғаттаңыз. Машинаны тракторға қосып жатсаңыз, тұрақ тежеуішін қосыңыз және трансмиссияны “ТҰРАҚ” күйіне орнатыңыз, моторды өшіріңіз және кілтті шығарыңыз. Егер машина трактордан ажыратылған болса, жылжуды болдырмау үшін доңғалақтарды бұғаттаңыз және қауіпсіздік тұғырларын пайдаланыңыз.



N40000 —UN—28SEP88

AG,OUO6074,1362 -KK-04AUG00-1/1

Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету

Жұмысты орындау алдында қызмет үрдісін түсініңіз. Аймақты таза және құрғақ сақтаңыз.

Қозғалып жатқанында машинаны ешқашан майламаңыз, қызмет көрсетпеңіз немесе баптамаңыз. Қолдарды, аяқтарды және киімді механикалық бөліктерден ары ұстаңыз. Қысымды босату үшін бүкіл күшті және жұмысты басқару құралдарын өшіріңіз. Аспа құралды жерге түсіріңіз. Моторды өшіріңіз. Кілтті шығарыңыз. Машинаны салқындатыңыз.

Қызмет жұмысы үшін көтеру керек барлық машина элементтерін қауіпсіз тіреңіз.

Барлық бөліктерді жақсы және тиісті түрде орнатылған күйде сақтаңыз. Зақымды бірден түзетіңіз. Тозған немесе бұзылған бөліктерді ауыстырыңыз. Қонған майды немесе қоқыстарды тазалаңыз.

Өзі жүретін жабдықта электр жүйелерін баптау немесе машинада пісіру алдында батареяның жерге қосу кабелін (-) ажыратыңыз.

Сүйрелетін аспа құралдарда, электр жүйесінің құрамдастарына қызмет көрсету немесе машинада дәнекерлеу алдында трактордан сымдарды ажыратыңыз.



TS218 —UN—23AUG88

DX,SERV -KK-17FEB99-1/1

Химиялық зат бүріккіштеріне қауіпсіз қызмет көрсету және басқару

Ауылшаруашылық бүріккіштерде пайдаланылатын химиялық заттар сақтықпен пайдаланбаса, денсаулыққа немесе қоршаған ортаға зиянды болуы мүмкін.

Ауыл шаруашылық химиялық заттарды тиімді, қауіпсіз және ережелерге сай пайдалану үшін әрқашан этикеткадағы барлық нұсқауларды орындаңыз.

Әсері тию және зақымдану қаупін азайтыңыз:

- Өндіруші ұсынғандай тиісті жеке қорғау жабдықтарын киіңіз. ("Қауіпсіздік" бөлімінде көрсетілген 'Ауылшаруашылық химиялық заттарды қауіпсіз пайдалану' мақаласын қараңыз.)
- Бүріккішті толтыру, шаю, калибрлеу және кірден тазалуды шайынды тоғындарға, көлдерге немесе өзендерге, үй жануарлары бар аймақтарға немесе бақтарға я болмаса басқа адамдарға жетпейтін жерде орындаңыз.
- Балаларды химикаттардан, химиялық ерітінділерден және шайындылардан алшақ ұстаңыз.
- Бүрку заты немесе химиялық концентрат теріге, қолдарға немесе бетке тисе, бірден сабын және сумен жуыңыз.
- Егер бүріккіш немесе химиялық зат көздерге кірсе, бірден сумен шайып тастаңыз.
- Егер штуцер бітелсе немесе жүйе дұрыс емес жұмыс істесе, моторды тоқтатыңыз және жүйенің бүрку қысымын босатыңыз.
- Кедергілерді тазалау үшін штуцер ұштарын немесе басқа құрамдастарды ауызға салмаңыз. Запастағы ұштарды ауыстыру үшін қол астында ұстаңыз.
- Бүрку ауытқуы қаупін барынша азайтыңыз.
 - Төмен қысымдарда жұмыс істейтін үлкен штуцер ұштарын пайдаланыңыз
 - Ерітіндіні жеткізу жүйесін 345 кПа-дан (3,5 бар) (50 фунт/дюйм²) асатын қысымдарда жұмыс істетпеңіз.



- Жел 16 км/сағ (10 миль/сағ) артық болғанда бүркімеңіз.
- Жел жанындағы сезімтал дөңге, баққа немесе адамдар тұратын аймаққа тұрып тұрғанда бүркімеңіз.
- Пайдаланылмайтын химиялық заттарды, шаю ерітіндісін және бос химиялық зат ыдыстарын тиісті түрде тастаңыз.
- Химиялық заттарды араластыру, тасымалдау және қолдану үшін пайдаланылған жабдықты пайдаланғаннан кейін кірден тазалаңыз.

DX,WWW,CHEM02 -KK-05APR04-1/1

TS272 —UN—23AUG88

TS220 —UN—23AUG88

Электронды басқару құралдарының жанында дәнекерлеу

МАҢЫЗДЫ: Секірмеңіз-моторды доға тәрізді пісіру жабдығымен іске қосыңыз. Ағымдар мен кернеулер тым жоғары және тұрақты зақымдалуға әкелуі мүмкін.

1. Теріс (-) батарея кабел(-дер)ін ажыратыңыз.
2. Оң (+) батарея кабел(-дер)ін ажыратыңыз.
3. Оң мен теріс кабелдерін бірге қосыңыз. Көлік жақтауына қоспаңыз.
4. Сымдардың кез келген бөлімдерін пісіру аймағынан тазалаңыз не жылжытыңыз.
5. Пісіру жерін пісіру нүктесіне жақын және басқару бірліктерінен ары қосыңыз.



TS953 —UN—15MAY90

6. Пісіргеннен кейін, 1—5 қадамдарын кері орындаңыз.

DX,WW,ECU02 -KK-14AUG09-1/1

Электронды басқару құрылғысының қосқыштарын таза ұстау

МАҢЫЗДЫ: Басқару құрылғысын қоспаңыз және жоғары қысымды спреймен тазаламаңыз. Ылғал, кір және басқа қоспалар тұрақты зақымдалуға әкелуі мүмкін.

1. Клеммаларды таза ұстаңыз және бөгде қоқысқа тигізбеңіз. Ылғал, кір және басқа қоспалар клеммалардың уақыт өткен сайын бүлінуіне және тиісті электр қосылуын орындамауға әкелуі мүмкін.
2. Егер қосқыш пайдаланылмаса, бөгде қоқыс пен ылғалдан қорғау үшін дұрыс шаң қақпағын немесе сәйкес қаптаманы орнатыңыз.

3. Басқару құралдары жөнделе алмайды.
4. Басқару құралдардың бұзылу әрекеті ЕҢ КЕМ болғанымен ауыстырудың алдында бүлінуді диагностикалық үрдісті орындау арқылы бөлектелеңіз. (John Deere дилерімен хабарласыңыз.)
5. Электронды басқару құралдары үшін сымдардың клеммалары және қосқыштарын жөндеуге болады.

DX,WW,ECU04 -KK-11JUN09-1/1

Жетек шынжырларын бекемдеу

Шынжыр ауытқуын анықтау үшін келесі үрдістерді орындаңыз:

1. Шынжырды бекемдеу үшін жетекті айналдырыңыз.
2. Тік бетті (В) шынжырдың салбырайтын аралығының үстімен орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ: Өлшеу кезінде шынжырдың бір жағы керілгеніне көз жеткізіңіз.

3. Шынжырдың жоғарғы жағынан тік беттің астыңғы жағына дейінгі ауытқуды анықтау үшін оқпан аралығының (А) ортасында сызғышты (С) пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Шынжырларды шамадан тыс кермеңіз, олай болмаса, шынжыр тез арада тозып, оқпан мен мойынтірек зақымдалуы мүмкін.


4. Оқпан орталарын және шынжыр кергіштерін сипаттамаға сай баптаңыз.

Сипаттама


Шынжыр—Ауытқу..... 31 см (12 дюйм) аралықтағы шынжыр ауытқуының 6,4 мм (1/4 дюйм)

А—Білік қашықтығы
В—Тік бет

С—Сызғыш



Керіліс роллигі бар жетек шынжыры



Керіліс роллигі жоқ жетек шынжыры

A70496—UN—31JAN11

A70495—UN—31JAN11

OUO6064,0000377 -KK-31JAN11-1/1

Шиналарға қауіпсіз қызмет көрсету

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Шина және тоғын бөліктерінің жарылып бөлінуі қатты зақымға немесе өлімге әкелуі мүмкін.


Жұмысты орындау үшін тиісті жабдық және тәжірибе болмаса, шинаны бекітуге әрекеттенбеңіз.

Әрқашан дұрыс шина қысымын сақтаңыз. Шиналарды ұсынылған қысымнан жоғары үрлемеңіз.

Доңғалақ және шина жинағын ешқашан пісірмеңіз немесе қыздырмаңыз. Қыздыру ауа қысымын арттырып, шинаның жарылуына әкелуі мүмкін. Пісіру доңғалақтың құрылымын әлсіздендіруі немесе деформациялауы мүмкін.

Шиналарды үрлегенде, шина жинағының алдында немесе үстінде ЕМЕС, ал шетінде тұруға мүмкіндік беретін қысқыш патронды және жеткілікті ұзын қосымша шлангты пайдаланыңыз. Бар болса, қауіпсіздік торын пайдаланыңыз.

Доңғалақтарда төмен қысымды, кесіктерді, көтерілулерді, зақымдалған тоғындарды немесе жоқ болттарды және бұрандаларды тексеріңіз.



TS211 —JUN—23AUG88

DX,RIM1 -KK-27OCT08-1/1

Доңғалақ болттарын бекемдеу

МАҢЫЗДЫ: Жұмыстың алдында, пайдаланудың алғашқы 10 сағатынан кейін және әрбір 50 сағат сайын, әрекеттен бұрын доңғалақ гайкаларындағы айналдыру моментін тексеріңіз.

ЕСКЕРТУ: Қанат доңғалағының гайкалары (B) қозғалыс датчигімен жабдықталған сыртқы сол жақ доңғалақ қанатында ғана қолданылады.

Қанат доңғалағы болттарын (A) және қанат доңғалағы гайкаларын (B) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Сипаттама

Қанат доңғалағының болттары және гайкалары—Айналдыру моменті..... 176 Н·м
(130 фунт-фут)

Қанат гайкаларын (C) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Сипаттама

Доңғалақ гайкалары—Айналдыру моменті..... 675 Н·м
(500 фунт-фут)


Шинаны және тоғынды кеңейтім қақпақ бұрандалары мен гайкаларын (D) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Сипаттама

Шина және тоғынды кеңейтім бұрандалары мен гайкалары—Айналдыру моменті..... 339 Н·м
(250 фунт-фут)



Қанат доңғалақтары



Ортаңғы жақтау доңғалақтары

A—Қанат доңғалағының болттары (әр доңғалақта 6 пайдаланылады)
B—Қанат доңғалағының гайкалары (6 пайдаланылады)

C—Ортаңғы жақтау доңғалағының гайкалары (әр күпшекте 10 пайдаланылады)
D—Ортаңғы жақтау шинасы мен тоғынды ұзын қақпақ бұрандасы мен гайкасы (әр доңғалаққа 12 қолданылады)

WP29706,00002B3 -KK-20MAR12-1/1

A73600 —UN—16NOV11


A73601 —UN—16NOV11

Негізгі жақтаудың биіктігін баптау

ЕСКЕРТУ: Топырақ жағдайлары жақтау биіктігіне әсер етеді. Тіркемелер мен жақтау конфигурацияларының өзгешеленуіне байланысты қанатты доңғалақтар ортаңғы жақтау доңғалақтарына қарағанда өзгеше бапталуы мүмкін.

Негізгі жақтау қанаттардан төмен жағдайларда негізгі жақтаудың биіктігін арттыру үшін жоғарғы тасымалдау цилиндрі істігін тесікке (А) жылжытыңыз.

А—Тесік



A71633 —UN—23MAY11


OOU6064.00004DD -KK-23MAY11-1/1

Қанат жақтауының биіктігін баптау

ЕСКЕРТУ: Топырақ жағдайлары жақтау биіктігіне әсер етеді. Тіркемелер мен жақтау конфигурацияларының өзгешеленуіне байланысты қанатты доңғалақтар ортаңғы жақтау доңғалақтарына қарағанда өзгеше бапталуы мүмкін.

Қанат доңғалағы цилиндрінің шток қуысындағы бұрандалы тарту сақинасының (А) қосымша қанат жақтауы биіктігін баптаңыз.

А—Тарту сақинасы




A68164 —UN—13JUL10

OOU6064.000047E -KK-19APR11-1/1

ОӨЖ бак деңгейінің датчиктерін тазалау

ОӨЖ бактарын толтырудың алдында бак деңгейі датчиктерін (А) тазалаңыз. 203 мм (8 дюйм) тұтқалы қатты қылды 1372 мм (4,5 дюйм) кең щеткасын датчикті тазалау үшін пайдаланыңыз.

А—Бак деңгейінің датчигі




A48868 —UN—12AUG02

OOU6074.0000BCD -KK-26MAR04-1/1

ОӨЖ желдеткішінің қысым датчигін нөлдеу

ЕСКЕРТУ: Монитордың вакуум датчигін нөлге ысыру үшін SeedStar™ механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

1. ОӨЖ желдеткіші өшірілген.
2. Датчикті атмосфералық қысыммен теңестіру үшін вакуум датчигі тік күйде тұрған кезде ОӨЖ желдеткіш монитормының сымын ажыратыңыз.
3. Датчик көрсеткішін нөл белгісіне нақты орнату үшін нөлдік баптау бұрандасы (А) пайдаланыңыз.
4. Монитор желісін байланыстырыңыз.




А—Нөлдік баптау бұрандасы

OUO6064,00004DE -KK-23MAY11-1/1

A51170—UN—18NOV02

Pro-Series™ XP қатар бөлімінің жинауыш торын тазалау


Жинауыш экранын (А) алып, тазаланбағанша соққылап, ауыстырыңыз.



OUO6074,0000BCC -KK-26MAR04-1/1

A52516—UN—18MAR04

Стандартты шаю бетінің дән түтіктерін орнату және алу



A59900 —UN—02APR07



A53298 —UN—03NOV03


1. Монитор сымын датчик сымына қосыңыз.

ЕСКЕРТУ: Сым қосқышын себу элементінің ішіне дән түтігімен бір мезгілде орнатыңыз.

2. Дән түтігін (A) себу құралының ішіне ілгек (B) сәйкестендіру істігін (C) құлыптайтындай етіп орнатыңыз.
3. Дән түтігін ілмектер (D) саңылауларында құлыпталатындай етіп орнатыңыз.
4. Дән түтігін алу үшін құймадан босатылмағанша, ілмектерді саусағыңызбен қысыңыз. Жоғары тартыңыз.

A—Дән түтігі
B—Ілмек


C—Істік
D—Ілмектер



A59901 —UN—02APR07

OUO6074,0000FE4 -KK-13NOV07-1/1

Қосымша дән түтіктерін орнату және алу



A53216 —UN—27OCT03



A53298 —UN—03NOV03


1. Монитор сымын датчик сымына қосыңыз.

ЕСКЕРТУ: Сым қосқышын себу элементінің ішіне дән түтігімен бір мезгілде орнатыңыз.


2. Дән түтігін (A) себу құралының ішіне ілгек (B) сәйкестендіру істігін (C) құлыптайтындай етіп орнатыңыз.
3. Дән түтігін ілмектер (D) саңылауларында құлыпталатындай етіп орнатыңыз.
4. Дән түтігін алу үшін ілмектер (D) құймадан босамағанша түтікті алға және артқа (A) қысып, жоғары тартыңыз.

A—Дән түтігі
B—Ілмек
C—Істік

D—Ілмектер
E—Алдыңғы және артқы



A53218 —UN—27OCT03



A54328 —UN—12MAY04

OOU6074,0000FE3 -KK-13NOV07-1/1


Дән түтігінің датчигін тазалау

Тым шаңды жағдайлар немесе ауыр өңделген дән кезінде шамадан тыс шаң және дән түтіктерінің ішіндегі дәннің өңделуі дән датчигінің шамын бұғаттауы мүмкін. Датчик шамы бұғатталған кезде жалған төмен тығыздық өлшенеді немесе жалған төмен шектеу ескертуі көрсетіледі.

Дән түтігінің ішіндегі дән датчигінің аймағын ұсынылған құрғақ щеткамен жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Барлық ішкі дән түтіктерінің беттері құрғатылмағанша қайта сеппеңіз.

Егер жаңбыр кезінде немесе машина жуылғанда ылғал дән түтігіне түссе түтіктегі шаң балшыққа айналады. Егер ылғал бар болса немесе құрғақ қалдықты құрғақ щеткамен алу қиын болса щеткамен қатар жұмсақ



A30007 — UN—06OCT88

жуғыштар мен суды пайдаланыңыз. Дән түтіктерінің ішкі беттерін құрғатыңыз.

AG,OUO1074,849 -KK-13NOV07-1/1

Вакуум құбыры жүйесін тазалау

Кір немесе дән модификаторы/дәрілетуі вакуум құбыры жүйесінде жиналып, себу элементтерінде төмен вакуумды тудыруы мүмкін. Бұл дән өлшеудің дәлдігіне әсер етеді.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жабыны дән дәрілерінен болған бөлшектермен жұмыс істегенде, химиялық заттарды өндіруші нұсқаған сақтық шараларын орындаңыз. Теріні, көзді және тыныс алу жолдарын дұрыс қорғаңыз.

Ауыр жағдайларда жұмыс істеу кезінде ауа құбыры жүйесін кем дегенде аптасына бір рет тазалап отырыңыз.

Төменде көрсетілгендей тазалаңыз:

1. Вакуум желдеткіш(тер)ін қосып, гидравликалық ағымды 75 пайыз етіп орнатыңыз.
2. Бұдан кейін вакуум шлангыларын өлшеуіштерден алыңыз. Тексеріп, барлық сабан және/немесе бөгде материалды шлангтың бекіту шеттерінен тазартып алыңыз. Шлангты бірнеше секунд бойы шайқап, оны өлшеуішпен алмастырыңыз.
3. Шеткі қақпақтарды құбыр түтіктерінен бірінен кейін бірін алып, қайта орнатыңыз.

OUO6435,0001AEC -KK-04MAR04-1/1

Row Command™ жетекші шынжырларын және жұлдызшаларын тексеру

1. Жылдам сілтеме үшін, жаңа шынжырлар орнатылған кезде кергіш блогы (А) көрсетілген күйде.

Шынжырлар бір маусым қызмет көрсеткен кезде кергіш блогы (В) көрсетілгеннен тігірек болуы мүмкін.


Тік кергіш тізбектерді алу немесе шынжырды ауыстырудың белгісі болады.

А—Керу құралы

В—Керу құралы



A66016 —UN—09DEC09




A66017 —UN—09DEC09

OUC6045,00001EC -KK-02JUN10-1/2

2. Шынжырлар (А) мен жұлдызшалардың (В) тозуы мен зақымдалуын тексеріңіз. Қажетінше ауыстырыңыз.

А—Шынжырлар

В—Жұлдызшалар



A66015 —UN—09DEC09

OUC6045,00001EC -KK-02JUN10-2/2

Жаңа вакуум тығыздатқышын орнату


1. Дән жинауышын себу элементінен алыңыз және өз жағына орнатыңыз. Дәнді жинауыштан шығаруға болмайды.
2. Тұтқаны ысырып, ашық вакуум қоймасын жылжытыңыз.
3. Ескі вакуум тығыздатқышын алып, тастаңыз.

ЕСКЕРТУ: Бұл үрдіс тығыздатқыштағы шамадан тыс тұрып қалуды болдырмайды.

4. Жаңа тығыздатқышты орнатыңыз. Тығыздатқыш (А) бұрыштарын орнатып, тығыздатқышты үш орынға (В) ондағы саңылауларын корпустың саңылаулармен сәйкестендіріп орнатыңыз. Ақырында, тығыздатқыштың қалған бөліктерін орнатыңыз.
5. Егер дән дискісі пайдаланылса, вакуум тығыздатқыш жағына ТУ25797 графит майлағышын шашыңыз.
6. Вакуум қоймасын жауып, тұтқаны ысырыңыз. Дән жинауышын себу элементіне орнатыңыз.

А—Бұрыштар

В—Саңылаудың орналасуы



H44567 —UN—27MAY92

AG,OUO6074,1367 -KK-06MAY09-1/1

Дән қопсытқышының жүздерін және дән түтігінің қорғанышын ауыстыру

МАҢЫЗДЫ: Алдын ала тозуды болдырмаңыз.


Жаңа жүзді қолданыстағы жүзбен бірге пайдаланбаңыз. Жаңа жүздерді жұптап орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер тек дән қорғанышы ғана ауыстырылса, оң жақ жүз алынбауы тиіс.

1. Бұранданы (А), шарнир оқпаны (В) және қатар доңғалағын қатар бөлімінен алыңыз.

А—Бұранда

В—Шарнир оқпаны



A53246 —UN—29OCT03


Келесі бетте жалғасады

OUO6435,0001A4E -KK-26MAY09-1/4

- Себу элементі айналмалы немесе қатты қырғышпен жабдықталған, алдыңғы қосу істігін (А) сыртқа қарай тартыңыз да, қырғыш жинағын (В) аралық қабат панельдерінен ажыратыңыз.
- Втулка қақпағын (С) алыңыз.

А—Қосу істігі
В—Қырғыш

С—Күпшек қақпағы




A51073—UN—11NOV02

OOU6435,0001A4E -KK-26MAY09-2/4

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Диск жүздері өткір. Жарақаттануды болдырмау үшін қорғауыш қолғаптарын киіңіз және дисктерді абайлап ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ: Кергіштің аралық қабаттарын тастамаңыз.

- Гайка мен жалпақ шайбаны (А) алыңыз.
- Жүзді (В) алыңыз.
- Қатты аралық қабаттарды алыңыз.
- Егер жүздерді ауыстырсаңыз, қатар бөлімінің қарсы жағындағы жүзді алыңыз. Егер тек дән қорғанышы ғана ауыстырылса, оң жақ жүз алынбауы тиіс.



А—Гайка және шайба

В—Диск

A51112—UN—20NOV02

OOU6435,0001A4E -KK-26MAY09-3/4


ЕСКЕРТУ: Тозып кетсе, дән түтігінің қорғанышын ауыстырыңыз.

- Дән түтігінің қорғанышын (А) сағат тілімен айналдырып, алға қарай жылжыту арқылы алыңыз.
- Қайта жинау кезінде жүздің жанасу нүктесін баптаңыз. Осы бөлімдегі ДӨН ҚОПСЫТҚЫШЫНЫҢ ЖҮЗДЕРІН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ БАПТАУ мақаласын қараңыз.
- Қайта жинау кезінде қопсытқыш жүзінің гайкасы мен қатар доңғалағының бұрандасын сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Сипаттама

Қопсытқыш жүзінің гайкасы—Айналдыру моменті..... 122 Н·м
(90 фунт-фут)

Қатар доңғалағы тұтқасының бұрандасы—Айналдыру моменті..... 271 Н·м
(200 фунт-фут)



А—Дән түтігі қорғанышы

В—Дән түтігі

A56479—UN—29JUN05

- Қатар доңғалақтарын баптаңыз. Осы бөлімдегі "ҚАТАР ДОҢҒАЛАҚТАРЫН БАПТАУ" мақаласын қараңыз.

OOU6435,0001A4E -KK-26MAY09-4/4

Дән қопсытқышының жүздерін тексеру және баптау

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жарақат алуды болдырмаңыз. Диск жүздері өткір. Қорғауыш қолғаптарды киіңіз және дисктерді абайлап ұстаңыз.

1. Жүз бетінің жанасу нүктесін (D) келесідей тексеріңіз:



- Екі кішкентай визитка карталарын жүз саңылауы арасына енгізіңіз және жүздің тию нүктесі анықталмағанша карталарды бірге жайлап сырғытыңыз.
- Визитка карталары арасындағы аралықты өлшеп, сипаттамадағылармен салыстырыңыз.

Сипаттама

Жүз бетімен жанасу—Жүз бетімен жанасу ұзындығы.....38—63,5 мм
(1,5—2,5 дюйм)

- Егер аралық сипаттамаға сай болмаса, келесілерді орындаңыз:
- Бұранданы (A), шарнир оқпанын (B) және қатар доңғалағын қатар бөлімінен алыңыз.
 - Қырғыштардың (C) шамадан тыс тозуын тексеріп, қажет болса ауыстырыңыз.
 - Жүздердің тозуын немесе зақымдалуын тексеріңіз.

Жүздің диаметрін өлшеңіз және сипаттамаға сай салыстырыңыз. Егер диаметрі төменгі сипаттамадан төмен сай болса, кесілген бет тозса немесе байқалатын зақымдалу байқалса, жүздерді ауыстырыңыз. Осы бөлімдегі ДӘН ҚОПСЫТҚЫШЫНЫҢ ЖҮЗДЕРІН ЖӘНЕ ДӘН ТҮТІГІНІҢ ҚОРҒАНЫШЫН АУЫСТЫРУ мақаласын қараңыз.



A—Бұранда
B—Шарнир оқпаны

C—Қырғыш
D—Байланыс нүктесі

Сипаттама

Қопсытқыш жүздері—Минималды диаметр..... 356 мм
(14 дюйм)

Келесі бетте жалғасады

OUC6074.0000E6A -KK-26MAY09-1/2

A53246 —UN—29OCT03

A53250 —UN—29OCT03

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Диск жүздері өткір. Жарақаттануды болдырмау үшін қорғауыш қолғаптарын киіңіз және дисктерді абайлап ұстаңыз.

МАҢЫЗДЫ: Сол жақ жүздегі гайкада сол жақ науалары бар.


5. Жүздер қатар бөлімінің корпусында орталандырылмағанша байланыс нүктесін баптау үшін тек бір жүзді алыңыз. Егер қопсытқыштың бір жүзі қатар бөлімінің корпусымен байланысса, аралық қабатты бір жақтан екіншісіне жүздер орталықтандыратындай етіп жылжытыңыз.
6. Втулка қақпағын, гайканы, тегіс шайбаны (А) және шыныққан аралық қабаттарды алыңыз.
7. Жүзді (В) алыңыз.

ЕСКЕРТУ: Аралық қабаттарды тастамаңыз. Олар жүзді ауыстыру кезінде қажет болады.

8. Құрастыру кезінде байланыс нүктесін кеңейту не кішірейту үшін аралық қабаттарды жүздің бір жағынан екіншісіне ауыстырыңыз.

Тиісті байланыс нүктесі орнатылғанша, жүз бірнеше рет орнатылып, алына алады.

9. Жүз алынған кезде дән түтігінің қорғанышын тексеріп, тозып кетсе, ауыстырыңыз. Осы бөлімдегі ДӘН ҚОПСЫТҚЫШЫНЫҢ ЖҮЗДЕРІН ЖӘНЕ ДӘН ТҮТІГІНІҢ ҚОРҒАНЫШЫН АУЫСТЫРУ мақаласын қараңыз.



А—Гайка және шайба

В—Диск

10. Соңғы қайта құрастыру кезінде жүз гайкасы мен қатар доңғалағы тұтқасының бұрандасын сипаттамаға сәйкес бекемдеңіз.

Сипаттама

Жүз гайкасы—Айналдыру моменті.....	122 Н·м (90 фунт-фут)
Қатар доңғалағы тұтқасының бұрандасы—Айналдыру моменті.....	271 Н·м (200 фунт-фут)

OUC6074,0000E6A -KK-26MAY09-2/2

A51112—UN—20NOV02

Қатар доңғалақтарын баптау

МАҢЫЗДЫ: Қатты тозуды болдырмаңыз. Қатар доңғалақтарын шамадан тыс бекемдемеңіз.

Жинау кезінде қатар доңғалақтары мен диск жүздері сәл қарсылықпен еркін айналуы тиіс.

Датчик доңғалақтары мен қопсытқыш жүздерінің арасында кір не қалдықтың жиналуын болдырмау үшін қатар доңғалақтарын баптаңыз.

Қатар доңғалақтары айналдырылғанда жүздерге сәл тиіп тұруы немесе ең жақын нүктелері сипаттамадағы ең үлкен мәннен артық болмауы тиіс.

Сипаттама


Доңғалақтан жүз
максимумына
дейін—Қашықтық..... 1,5 мм
(1/16 дюйм)

Баптау гайкасын бұрауышпен (А) айналдыру кезінде бұrandаны екінші бұрауышпен босатып, ұстап тұрыңыз. Жүзге жақын доңғалақты жылжыту үшін гайканы сағат тіліне қарсы айналдырыңыз. Доңғалақты пышақтан кері жылжыту үшін гайканы сағат тіліне айналдырыңыз.

Доңғалақ тұтқасының бұrandасын сипаттамаға сай бекемдеңіз.

Сипаттама

Доңғалақ тұтқасының
бұrandасы—Айналдыр-
у моменті..... 271 Н·м
(200 фунт-фут)



А—Баптау бұрауышы

A68170—UN—14JUL10

A68178—UN—14JUL10

AG,OUO6074,1369 -KK-14JUL10-1/1

ОӨЖ қатар бөлімінің желдеткіш қосқышын орнату


ОӨЖ қатар бөліміндегі желдеткіш қосқышы (А) ОӨЖ желдеткішін және машина көтерілгенде және түсірілгенде араластырғыш қосылады және өшіріледі.

1. Машинаны толығымен көтеріңіз. Төменгі параллельді тұтқа тежеуіші (В) себу құрылғысының жақтауына (С) тиіп тұруы қажет.
2. Теріс бет (Е) себу элементінің жақтауынан 20 мм (3/4 дюйм) аралықта болмағанша, датчик кронштейнін (D) айналдырыңыз.
3. Бұранданы (F) бекемдеңіз.

МАҢЫЗДЫ: Машинаның зақымдалуын болдырмаңыз. Егер қосқыш жақтау көтерілгенде өшірілуге бапталынбаса, тракторға қуат берілгеннен бастап араластырғыш жұмыс істеп тұрады.

ЕСКЕРТУ: Баптау кезінде тракторға электр қуаты берілуі тиіс.

4. ОӨЖ бағындағы араластырғышты тексеріңіз және араластырғышты жақтау толығымен көтерілген



A—Қатар бөлімінің желдеткіш қосқышы
B—Тоқтату
C—Жақтау
D—Кронштейн
E—Теріс бет
F—Бұранда

күйде өшірілетіндей баптаңыз. Бұл баптау сондай-ақ бұл қатар бөлімі төмендетіліп жерге тиегенде ОӨЖ желдеткіші және араластырғыштың қосылатынын тексереді.

OUC6064,00004DF -KK-23MAY11-1/1

A71634 —UN—23MAY11


Тыңайтқыштың тарату түтігі

Тозған немесе зақымдалған тарату түтіктерін ауыстыру

Тозған немесе зақымдалған тарату түтіктерін ауыстыру үшін, келесі үрдістерді орындаңыз:

1. Құбырдағы (В) фитинг сақинасын (А) басыңыз және түтікті (С) алыңыз.

A—Фитинг сақинасы
B—Құбыр
C—Түтік




OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-1/11

A72199 —UN—03AUG11

2. Тексеру клапанындағы (В) фитинг сақинасын (А) басыңыз және түтікті (С) алыңыз.

A—Фитинг сақинасы
B—Тексеру клапаны
C—Түтік



Келесі бетте жалғасады

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-2/11

A72737 —UN—22SEP11

- Барлық шланг қысқыштарындағы (В) гайкаларды (А) түтікті (С) ауыстыруға арналған барлық орындарда босатыңыз.

- Түтікті (С) шланг қысқышынан (В) алыңыз.

- Алып тастамас бұрын, түтік ұзындығын өлшеңіз.


ЕСКЕРТУ: Кесу және үңгілеуге арналған жалпы түтік ұзындығына 25,4 мм (1 дюйм) қосыңыз.

- Жаңа түтікті ұзындығы бойынша кесіңіз.

А—Гайка

С—Түтік

В—Шланг қысқышы





A72201—UN—03AUG11

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-3/11

- Түтіктің әр шетін (А) түтік кескішпен (В) немесе осыған ұқсас құрылғымен кесіңіз. Түтік шеті зақымдалмағандығын тексеріңіз.

А—Түтік

В—Түтік кескіші



A72202—UN—03AUG11

A72204—UN—03AUG11



Келесі бетте жалғасады

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-4/11

8. Үңгілеу құралын (А) пайдаланып (қалам жануыш жақсы істейді), түтіктің (В) әр шетін үңгілеңіз.
9. Түтікті құбырдан қопсытқышқа дейін, сәйкес шланг қысқыштарға енгізе отырып айналдырыңыз.

А—Үңгілеу құралы

В—Түтік



A72205 —UN—03AUG11



A72203 —UN—03AUG11

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-5/11

10. Түтіктің әр шетін (А) фитинг (В) ішіне толығымен басыңыз. Түтіктің фитинг ішінде құлыптанғанына көз жеткізу үшін оны тартыңыз.

А—Түтік

В—Фитинг



A72206 —UN—03AUG11

A72738 —UN—22SEP11


Келесі бетте жалғасады

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-6/11

11. Шланг қысқыштарындағы (B) гайканы (A) бекемдеңіз.
12. Жүйесін толтырыңыз және ағатын жерлер жоқ екенін тексеріңіз. ("Жүйеге шолу" бөліміндегі "СОРАПТЫ ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚОСУ" мақаласын қараңыз.)

A—Гайка

B—Шланг қысқышы



A72208—UN—03AUG11

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-7/11

Түтік қосылысы бойымен ағын таралуын түзету


Түтік қосылысы бойымен ағын таралуын түзету үшін, келесі үрдістерді орындаңыз:

1. Қосылыс нүктелеріндегі (B) фитинг сақинасын (A) басыңыз және түтікті (C) тартыңыз.


A—Фитингі сақинасы

B—Қосылу нүктелері

C—Түтік



Тарту құбыры



A72199—UN—03AUG11

A72737—UN—22SEP11



Келесі бетте жалғасады

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-8/11

2. Түтік шетін (А) түтік кескішпен (В) немесе осыған ұқсас құрылғымен кесіңіз. Түтік шеті зақымдалмағандығын тексеріңіз.

А—Түтік

В—Түтік кескіші



A72202 —UN—03AUG11



A72204 —UN—03AUG11

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-9/11

3. Үңгілеу құралын (А) пайдаланып (қалам жануыш жақсы істейді), түтік (В) шетін үңгілеңіз.

А—Үңгілеу құралы

В—Түтік



A72205 —UN—03AUG11

A72203 —UN—03AUG11



Келесі бетте жалғасады

OUC6064,0000772 -KK-09FEB12-10/11

4. Түтік шетін (А) фитинг (В) ішіне толығымен басыңыз. Түтіктің фитинг ішінде құлыптанғанына көз жеткізу үшін оны тартыңыз.
5. Жүйесін толтырыңыз және ағатын жерлер жоқ екенін тексеріңіз. ("Жүйеге шолу" бөліміндегі "СОРАПТЫ ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚОСУ" мақаласын қараңыз.)

А—Түтік

В—Фитингі




A72206—UN—03AUG11

A72738—UN—22SEP11

OUO6064,0000772 -KK-09FEB12-11/11

Тасушы багының торын тазалау

1. Тасушы сорабына судың берілуін өшіру үшін клапан тұтқасын (А) көлденең айналдырыңыз.
2. Сүзгіш қақпағын алыңыз (В).
3. Сүзгішті алыңыз және оны жаңа таза суда тазалаңыз.
4. Сүзгішті және сүзгіш қақпағын (В) қайта орнатыңыз.
5. Тасушы сорабына судың берілуін қосу үшін клапан тұтқасын (А) айналдырыңыз.
6. Тасушы сорабын толтыру. ТАСУШЫ СОРАБЫН ТОЛТЫРУ үрдісін көру үшін орталық инсектицид жүйесінің механик-жүргізуші ' нұсқаулығын қараңыз.



Ашық қалыптағы клапан суреті

А—Тұтқа

В—Тор қақпағы

A58826—UN—21SEP06

OUO6435,0000433 -KK-28JUL10-1/1


Кептелген және бұғатталған ОӨЖ жүйесі

Егер дән мониторы Қатар бұзылды ескертуін көрсетсе, алдымен дән жеткізу түтігінің бітелуін немесе өнімнің ОӨЖ бағында кептелуін тексеріңіз. Себепті анықтау үшін келесіні орындаңыз:

1. ОӨЖ желдеткішін қосыңыз.
2. Бітелген қатар бөлімі жинаушынан қақпақты алыңыз.
3. Жинауштың шығару бүгілмелі құбыры (А) арқылы ағатын ауаның мөлшерін бақылаңыз.
 - Егер **Төмен ауа ағыны** көрсетілген болса, ОӨЖ жеткізу шлангысы бітелген. Осы үрдістегі ОӨЖ шлангысының бұғатталуын алу мақаласын оқыңыз.
 - Егер **Жоғары ауа ағыны** көрсетілген болса, өнім ОӨЖ құбырында кептелген. Осы үрдістегі Өнім ОӨЖ бағы құбырында кептелген мақаласын оқыңыз.

ОӨЖ шлангысының бұғаттауын алыңыз

1. ОӨЖ желдеткішін өшіріңіз.
2. Дән жеткізу шлангысын бітелген қатар бөлімінен алыңыз.
3. Кедергі шлангтың ұшынан ағып шыққанша шлангты жинауыштан ОӨЖ бағына қатты сілкіңіз.
4. Шлангты қайта қосыңыз.
5. ОӨЖ желдеткішін қосыңыз және дәннің жинауышқа ағуын тексеріңіз.
6. Егер дән ағыны бақыланбаса, үрдісті қайталап орындаңыз.



Pro-Series™ жинауышы көрсетілген

А—Жинауыштың шығару бүгілмелі құбыры

AS4895—UN—22SEP04

OUE6045,0000001 -KK-27MAY09-1/2

Өнім ОӨЖ бағы құбырында кептелген


1. ОӨЖ жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне көз жеткізу үшін төмендегі элементтер тексерілуі қажет:
 - ОӨЖ бағы қысымы себілетін дөңге ұсынылған параметрге орнатылған.
 - ОӨЖ желдеткіші қосылған кезде бак араластырушысы айналады.
2. Түтікше ендірмелері (А) себілетін арнайы түсім үшін орнатылған немесе алынған.
3. Араластырушы істіктері (В) бак түтікшелері арасында орталанған.

МАҢЫЗДЫ: Бак қысымының 24 дюймынан АСЫРМАҢЫЗ әйтпесе гидравликалық мотордың және дән бағы қақпақтарының зақымдалуы мүмкін.

4. Егер барлық жағдайлар шешіліп, кептелу әлі де пайда болса, ОӨЖ бак қысымын 1 дюйм артуларында дән барлық қатарларға дұрыс аққанша арттырыңыз.

А—Түтікше ендірмесі

В—Істіктер



AS50710—UN—17OCT02

AS62189—UN—06MAR08

